оңер мұғалімі, ХБН Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

«Ұлттық киім әліппесі» танымдық ойыны арқылы балалар ұлттық киім туралы білімдерін толықтырып, жас ерекшеліктеріне сай дұрыс киім тандауға үйренеді. Бұл ойынды әзірлеуге киіз қолданылды. Киіз қолға ұстағанда жағымды, жұмсақ, түсі көзге тартымды, ең бастысы бала үшін қауіпсіз материал. Тәжірибе барысында бастауыш сынып оқушылары мен бала бақша

тәрбиеленушілері әліппеге үлкен қызығушылық танытты. Бұл ойын балалар үшін тек танымдық жағынан ғана емес ұсақ қол моторикасын, баланың фантазиясын да дамытуға септігін тигізеді. Болашақта осы танымдық ойын арқасында балаларда ұлттық киімдерге деген қызығушылық пайда болып, талғаммен, жас ерекшелігіне сай дұрыс киінуге үйренеді деген сенім бар. Кітапша мектепте немесе бала бақшада «Ұлттық киімдер» тақырыбын өту барысында көрнекі құрал ретінде қолдануға болады және танымдық құрал ретінде жалпы қолданысқа ұсынылады.

Ұлттық нақыштағы киімдерге қызығушылық пен сұраныстың артуына байланысты оның ерекшелігі мен адам жасына байланысты жіктелуін бала кезден бастап үйрету. Зерттеу барысында бақылау арқылы шынымен де ұлттық киімдерге сұраныс бары анықталды. Ұлттық киімдер туралы ақпараттар жинақталып, ішінен бірнеше түрі Әліппеге таңдап алынды. Гипотеза: Егер 5–7 жастағы балалар біздің құрастырған ұлттық киім әліппесі танымдылық кітапшасымен ойнайтын болса, ұлттық киімдердің ерекшеліктерін білетін болады. Жұмысымыздың мақсаты: 5–7 жастағы балалардың ұлттық киімдер туралы білімдерін саралап, ойын арқылы ұлттық киімдерге деген қызығушылығын арттыру және жас ерекшелігіне сай бас киім, сырт киім және аяқ киім түрлерін ажыратуға үйрету. Мақсатқа жету үшін төмендегідей жұмыс атқарылды: – Ұлттық киім туралы ақпараттар жиналды, зерттелді, сараланды; – Мәселені нақтылау мақсатында ұлттық киім тігетін тігіншілерден сұхбат алынды; – Ойынға қатысатын кейіпкерлер анықталып, жас ерекшелігіне сай оларға киім үлгілері таңдап алынды; – Киізден Әліппе кітапшасы, қуыршақтар мен олардың киімдері жасалды; – Бастауыш мектеп оқушылары мен бала бақша тәрбиеленушілерін қатыстырып, тәжірибеден өткізілді; – Жалпы қолданысқа ұсынылды.

Алдымен ұлттық киім туралы ақпараттар жиналды, зерттелді, сараланды. Киім – денені ауа райының, сыртқы ортаның зиянды әсерінен қорғайтын, адамның денесіне киюге арналған жасанды жамылғы түрі, тұтыныс бұйымы. Киім адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдардың бірі бола отырып, белгілі дәрежеде олардың жас айырмашылығын, әлеуметтік жағдайы мен этникалық ортасы туралы мағлұмат беретін этномәдени белгі [4]. Ұлттық киім бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты хабарлар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат

төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сак дәуірінен бастау алады. Қазақтардың киімді солға қаусыратыны сак киімдерінде, орта ғасырларда түріктерде кездеседі. Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған. Көшпенділер адамзат тарихында атқа отыруға қолайлы болу үшін ойлап тапқан кең шалбар мен екі өңірі ашық, қаусырылатын кеуде киімі шапанды адамзат өркениетіне қосқан [1]. XX ғасырдың 20-шы жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С. И. Руденко, күпінің қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеген [2]. Киімдердің етек-жеңіне рәміздік ұғымды тұспалдайтын ою-өрнек элементтерін салу, үкі тағу, жын-перілерден, пөле-жаладан, ауру-сырқаудан қорғайды, магиялық күш әсер етеді деген сенімнен туған. Кейіннен үкінің тақия, сәукеленің төбелеріне, домбыраға, бесікке қадаған.

Мәселені нақтылау мақсатында қаламыздағы белгілі тігінші, ұлттық киім тігумен 8 жылдан аса айналысып жүрген, осы бағытта өзінің шағын бизнесін дөңгелетіп, бүгінде тігін салонын ұстап отырған Садыгазина Мархабат ханымнан сұхбат алынды. Мархабат ханым қазіргі ұлттық киімге деген сұраныстың көбею мен адамдардың көзқарасының өзгере бастауына қуана қарайтынын айтты. Бірақ әлі де болса әсіресе жастардың арасында білместікпен жасалып жататын көзге оғаш көрінетін нәрселер кездесіп жататынын атап өтті.

Мәселені анықтап алғаннан кейін, оны шешудің бір жолы ретінде «Ұлттық киім Әліппесін» дайындау жұмысы басталды. Алдымен жасалатын материал таңдалды. Ол – киіз. Киіз – қазақ жеріндегі көшпелі тайпаларда б.з.б. 1-мыңжылдықта белгілі болған. Ол жүнінен басылып жасалған және үй тұрмысында кең пайдаланылған. Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше [1].

Одан кейін ойынға қатысатын кейіпкерлерді анықтау жұмысы басталды. Бұл жерде балаларға ұлттық киімнің жас ерекшелігіне сай әр түрлі болатынын көрсету үшін 3 түрлі жастағы қуыршақтарды таңдап алу керек болды. Сондықтан 7-8 жастағы қыз бала, 15-16 жастағы бойжеткен және 40-50 жастағы олардың анасы таңдалды (1-сурет).



Сурет 1 – «ҰЛТТЫҚ КИИМ ӘЛППЕСІ»

Киім үлгілеріне келетін болсақ: екі түрлі тақия мен жаулық, әр кейіпкерге көйлек, бешпент, камзол, кеудеше таңдалды. Осы кейіпкерлер мен олардың киімдерін салу үшін кітапша жасалды. Лазерно-гравировальный станок көмегімен кітапша, қуыршақтар мен олардың киімдері кесіліп әзірленді [5] (2-сурет).



Сурет 2 – «ҰЛТТЫҚ КИИМ ӘЛППЕСІ»

Танымдық ойынға 1-сыныптың 6-7 жастағы 5 қызы қатысты. Кітапшаның бірінші бетінде кейіпкерлері орналасқан. Олар: анасы мен екі қызы біреуі бойжеткен, екіншісі 5-6 жастағы қыз. Екінші бетінде осы кейіпкерлердің киімдері орналасты. Киім атаулары тағы бір рет қайталанып, қыздарға қуыршақтарды киіндіру ұсынылды. Қыздар сары түсті көйлекті бірден кішкентай қызға кигізді. Өйткені кішкентай балалар ашық түсті ұнатанынын олар

біледі. Анасы мен бойжеткен қызға келгенде оқушылар көйлектерді өлшем бойынша таңдап дұрыс киіндірді, ал камзол мен бешпентті шатастырды. Осы жерде оларға киімдердің жас ерекшелігіне сай сай бөлінетіні түсіндірілді. Нақтырақ айтқанда, қыздар киетін камзолдары белі қиылып тігіледі. Ал әйелдердің камзолдары кең болатыны. Қуыршақтарды киіндіргеннен кейін қыздарда ойынға деген қызығушылық туды[3]. Соңында қыздардан ойын туралы пікірлерін сұралды. Оларға әсіресе кітапшаның материалы, дизайны, ашық түстері ұнағаны анықталды. Қуыршақтарға киім кигізу мен шешіндіру өте ыңғайлы болғанын айтты. Қорытынды: қысқа уақыт ішінде бес қыз алты киім атауы мен екі әшекей бұйымын ажыратуды үйреніп алды. Жас ерекшелігіне сай киімдердің тігілу ерекшелігін білді. Бұл ойын балалар үшін тек танымдық жағын ғана емес ұсақ қол моторикасын, баланың фантазиясын да дамытатыны анықталды. Компьютер мен телефонға тәуелді болып кеткен балаларымызды бір мезгіл осындай ойындар арқылы ұлттық құндылықтарымызға тарта білсек өз міндетіміз біраз болсын орындалды деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хинаят Б., Сужикова А.У. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Алматы. Алматыкітап баспасы. 2021 – 384 бет, суретті
- 2 <https://stud.kz/referat/show/66325> Қазақтың дәстүрлі киімі
- 3 Алмауытова Ә. Қазақ тіліндегі киім атауларының мәдени-танымдық уәжділігі. ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2003, No 5, Қыркүйек қазан, 107–112–бб.
- 4 Казахский народный костюм. – А., Казгослитиздат, 1958.
- 5 Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері. – Іле халық баспасы, 2006
- 6 Тохтабаева Ш. Ж. Функция казахской традиционной одежды // Известия НАН РК.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТ ТАРИХЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

СМАГУЛОВА К. Е.

тарих пәнінің мұғалімі, ДБА Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

АХМЕТҚАЛИҚЫЗЫ А.

10 «В» сынып оқушысы, ДБА Абай атындағы гимназия, Павлодар қаласы

ҚАЙРАТ Ә.

10 «В» сынып оқушысы, ДБА Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Қазіргі уақытта тарихи сананы қалыптастыруға, қазақ халқының мемлекеттілігі мен ұлттық бірегейлілігін нығайтуға ерекше мән беріліп отыр. Ұлттық тарих қазіргі кезде өзінің кезекті жаңғырылу кезінен өтіп жатыр. Бұған серпіліс берген оқиғалардың бірі 2017 жылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының енгізілуі және ұлттық тарихқа ерекше назар аударылу мәселесі. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрініс тапты. Ежелгі аталарымыз «Өз тарихын білген ел ешкімнен жеңілмейді» дегеніндей, Елбасының бағдарламалық мақаласында халқымыздың тарихи санасын қалыптастырудың басым бағыттары айқындалған. Осы бағдарлама төңірегінде 6 бағыттың ішінде ұлттық тарихымыздың және мәдениетінің дамуына үлес қосқан 100 ұлы есім тізімі анықталып, олардың шығармашылығы мен қызметі кеңейтілген түрде қарастырылуда. Әрбір халықтың ұлы тұлғалары бар екені баршаға мәлім. Олар өз елінің мақтаныштары және сол елдің тарихын жасаушы тұлғалары. Түріктер Мұстафа Кемалды, мажарлықтар Шандор Петефиді, немістер Гетені, қытайлықтар Конфуцийді, үнділер Тагорды, өзбектер Науаиды, орыстар Пушкинді, ағылшындықтар Шекспирді, америкалықтар Джордж Вашингтонды, әзірбайжандар Низамиді, түркімендер Мақтымқұлұлын, аустриялықтар Моцартты, моңғолдар Шыңғысханды, қазақтар Абайды ұлылық деңгейіне көтерді [1, 2–3 – б.]. Осы есімдердің ішінде өз халқымыз үшін Ұлы Абай атамыздың шығармашылығы мен қызметі ерекше маңызға ие болатындығы сөзсіз. Өз заманының ойшылы мен дана тұлғаның біздер үшін қалдырған мұрасы мен нақыл сөздері өз маңыздылығы мен мәнін жоғалтқан жоқ.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы рухани құндылық мәселесі басты мәселе болып табылады. Жалпы, Рухани құндылық – ол адам баласына тән тәрбие, жақсы қасиеттерді қалыптастыру. Абай шығармашылығындағы ұлттық тарихты қалыптастыруда маңызды қосқан мәселелердің бірі ұлт деген сөзді тарихи ғылымға енгізілуі.

Тарихшы С.Қасқабасовтың айтуы бойынша: «Абайға дейін де, Абай тұсында да қазақ ақындары «ұлт» деген сөзді қолданбаған. Бұл – Алаш зиялылары енгізген ұғым. Абайда «қазақ, халық, ел, жұрт, алаш, ру» деп айту бар. Былай қарағанда, «ұлт туралы Абай не айтты екен» деген сұрақ тууы әбден орынды. Алайда, Абай ойларының байыбына зер сала қарасақ, «ұлт» деген сөзді қолданбаса

да, Абай «ұлт болу», «ұлтты жетілдіру» деген сияқты идеяларды поэзиясында да, прозасында да әдемілеп айта білген» [2, 2–3 – б.].

Бұл ретте Абайдың Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановпен таныстығы, оның шығармашылығына әсер еткенін байқауға болады. Яғни, Абай атамыздың ұлттың мемлекеттік мәселесі маңызды екендігін өз шығармашылығында ашып көрсетеді. «1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі географический обществоның шығарған бір кітабында Ғалихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды, һәм кешікпей кітабы басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 жылы Абайдың балалары, һәм інілерінің ризалығы, һәм Ғалиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургта Бураганский баспасында басылып шықты. Бұл біздің қолымыздағы кітап сол бірінші басылым», – деген еді Міржақып Дулатов [1, 3–4 – б.].

Абайдың шығармашылығындағы аз зерттелген және сирек кездесетін қолжазбалардың бірі – «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» еңбегі айрықша мәнге ие. Мұнда ол сонау түркі-моңғол бірлігі заманынан бастап, қазақтың қалай өзінше ел болған кезіне дейінгі ұзақ тарихын қысқаша шолып өткен. Осы тұста Абай көне түркі қағанаты, исламның келуі, ислам мен ескі діннің күресуі, араласып кетуі, Шыңғыс ханның билігі, осы кезде қазақ жұртының мемлекеттік мәселеге араласып, Майқы бидің Шыңғысты хан көтеруге қатысуы, Жошы мен Шағатай мемлекеттері, Алтын Орда, Әмір Темір патшалығы, Моғолстанның пайда болуы, Бабырдың билігі, Қазақ хандығының өмірге келуі, міне, осының бәрін айта келіп, мынадай түйін жасайды: «Қазақтың бар қатты өсе бастағаны құба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға орныққан соң ғана болса керек». Демек, бұл кезеңде Қазақ хандығы күшейіп, жоңғардан жерін азат етіп, дербес ел болып, Қазақ мемлекеті атанып, жан-жағына өзін мойындатқан мемлекетке айналған. Олай болса, қазақ сол заманда-ақ ұлт болған деп айта аламыз. Осы жерде мына бір мәселеге көңіл аударайық [5, 35–37].

«Ұлт» дегенді қалай түсінеміз? Теолог маман А. Дүйсеннің айтуы бойынша: «Негізінде «ұлт» және «этнос» ұғымдары бірдей емес, осы терминдердің ұлттық гуманитарлық ғылымда көптеген анықтамалары кездеседі, бірақ олардың жалпы ортақ мағынасын талдайтын болсақ, мамандардың айтуынша «этнос» – сөзінің басты айырмашылығы – бұл тілі, мәдениеті, антропологиялық белгілері, тұрғылықты жері басқа халықтар қауымдастығын айтамыз. Ал «ұлт» – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-

дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі. Сонымен бірге көптеген ұлттардың ортақ аумағы, ортақ экономикасы, сол ұлт өкілдерін біріктіретін мемлекет қауымдастығын айтамыз. Осыдан «ұлттық мемлекет» термині шығады [4, 24 – б].

Посткеңестік елдерде этнос пен ұлтты бір ұғым деп түсінсе, батыста ұлт дегенді азаматтық деп есептейді. Бірақ, бұл жерде де түрлі түсінік бар. Мысалы, АҚШ-та ұлт деп этностарды да айта береді. Францияда *nationalité* – азаматтық пен ұлт мағынасында қолданылады. Францияда мигрант азаматтық алған соң осы елдің ұлты болып саналады. Посткеңестік елдерде «ұлт» және «ұлыс» түсініктерін қалыптастыруда марксизм идеясы, соның ішінде ұлттың «сталиндік теориясы маңызды рөл атқарды». Сталиннің «Марксизм және ұлттық мәселе» ғылыми еңбегінде ұлт ұғымы былайша сипатталды: тілдік, аумақтық, экономикалық өмірі мен психикалық құрылымы негізінде тарихи қалыптасқан тұрақты адамдар қоғамдастығы. Ұлт туралы Сталин былай жазды: «Мемлекеттің ортақ тілі болуы міндетті болмаса, ұлттық қоғамдастықты ортақ тілсіз елестету мүмкін емес». Ұлттың белгісі тілінде. Ұлтқа мемлекеттілік түсінігі, яғни азаматтық қарсы қойылған. Сталиннің ұлт туралы теориясы бірқатар ғалымдардың сынына ұшырады. Мысалы, тарих саласының профессоры Василий Филиппов өзінің "Этностың кеңестік теориясы" очеркінде ғылыми тұрғыда сталиндік теория түкке тұрмайды деп жазған. Ғалым Сталин ұлт пен этнос түсінігін біраз шатастырғанын, немістің марксистік теоретигі Карл Каутстың еңбектеріне көп басымдық бергенін алға тартады [3, 23–24 – б.].

Осы аспектіден келгенде, Абай не дейді? Абай сөздерінен байқайтынымыз: қазақтың арғы бабалары есте жоқ ескі заманда, сонау түркі-моңғол тайпаларының бірлігі кезінде этникалық ұлт болып қалыптасқан да, түркі дәуірінде мемлекеттік ұлтқа айналған. Бірақ, сол мемлекеттік ұлт мәртебесін үнемі сақтап тұра алмаған. Бір мемлекетті екінші мемлекет басып алып, оның еркіндігін жоғалтқан сайын ұлт та біресе біреуге тәуелді болып, біресе өзінше дербес өмір сүріп отырған. Сөйтіп, қазақтың өз атымен жеке мемлекет құрып, мемлекеттік ұлт болуы Қазақ хандығы тұсына дөп келген. Бұл – құба қалмақтың басқыншылығын жойып, қазақ ұлтының шарықтаған шағы. Бұл ретте Абай атамыз мемлекеттік мәселесін қарастырып, қазақ ұлтының қалыптасу тарихындағы бір кезеңін сипаттап жазған. Бірақ Абай атамыз философ, ғұлама болғандықтан ұлт мемлекеттілігі жетудің рухани құндылықтар жүйесі бір амал

ретінде қарастырған осы сипатта ол өзінің 39 қара сөзінде: «... Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыз бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ, бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ол екі мінезі қайсы десен, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді? [6, 39–41 – б.]

Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді», – деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», – десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар», – десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық [5, 32–34 – б.].

Оның ойы бойынша, осы қасиеттерді қалыптастырған ұлт мемлекеттікке жетеді. Осы ретте Абай атамыздың меңзеп отырғаны ұлтты мықты көшбасшылар басқару керек, өз ұлтының намысын алға қойып, мемлекеттікке күрес арқылы емес, жеке қасиеттері мен білім арқылы жеткізетін тұлғалар қажеттігін көрсетті: «Ендеше, ел басқарған, басшы болған қайраткер – мемлекеттің күшті болуына, халықты бірлікте ұстауға міндетті болған. Абай айтқандай, билікті қолына алған адам «бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады» екен... Оның бір себебін Абай былай түсіндіреді: «Оны (ел басын – А. А.) зор тұтып, онан соң жақсылары азбайды екен». Бәрі өз

бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?». Мұның бәрі мемлекеттік ұлтты сақтау мен күшейтуге бағытталған деп көрсетеді.

Абайдың айтып отырған екінші қасиеті – қазақ жеке мемлекет болғанда ешкімге намысын жібермеуші еді, елдің бірлігі күшті еді. Аруақ шақырып, мемлекетті қорғауға барлық қазақ күш салушы еді деген идея. «...Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. ...Бұлардан айырылды!» дейді Абай. Неге айырылды? Орыстан жеңіліп, мемлекеттен айырылған соң, мемлекеттік ұлт та өз мәртебесі мен сипатынан ада болды. Абай тұсында мемлекеттігіміз де, ұлттығымыз да тәуелділікке түсті. Қазақ өз тағдырын өзі шешуден қалды. Өзгеге бодан болған жұрттың этникалық ұлт ретіндегі мінез-құлқы да, іс-әрекеті де, ой-арманы да басқаша болды.

Бас-басына би болған өңкей қықым
Мінеки бұзған жоқ па елдің сыйқын?
Өздерінді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді ырқын.

«Ырқын өз қолыңнан кетті» дегені Абайдың тікелей қазақ мемлекетінің жойылғанын, қазақ енді дербес ұлт ретінде жоқ екенін, енді ешнәрсені өз еркімен істей алмайтынын айтып отырғаны күмәнсіз [6, 40-42 б.].

Абайды қатты қинаған ендігі мәселе – қалай қазақты бұрынғы мемлекеттік ұлт қалпына келтіру болды. Оның осы ойларын қырық бірінші сөзінде байқаймыз: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек... Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек... Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек». Абайдың «қазақты түзеймін» деп отырғаны – сөз жоқ, ұлттығын қалпына келтіру деген ниет. Әрине, ол үшін қазақтың мемлекетін қайта құру керек [6,43–44 – б.].

Абай ағамыз өмір сүрген заманда қазақ халқы Ресей халқының қарамағында болған кезінде оларға қарсы шығуды емес, отарлықтан құтылудың жолы тек қана қарулы көтеріліс емес, басқа да, яғни халықты бос шығынға ұшыратпай, оның білімін көтеріп, елді ғылымға жетілдіріп барып іске асыруға болады деп түсінген. Абайдың ойы – Ресейдің құрамында болып-ақ халыққа жаппай білім беру мен оны ғылымға үйрету арқылы қазақты жаңа сапаға көшіріп, жаңа ұлт деңгейіне көтеру болатын. Сол себепті де ол орыс тілін, мәдениетін, өнері мен ғылым-білімін меңгеруге шақырады. Ол жайлы ол жиырма бесінші сөзінде жазады: «Орыстың ғылымы, өнері

- дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар сонын қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар - ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді ұқтырса болады оларға» [6, 50–51 – б.].

Қарап отырғанымыздай, Абай ағамыздың шығармашылығында тек философиялық мәселелерді ғана емес, сондай-ақ біздің ұлтымыздың тарихының қалыптасуында маңызды: ұлт, ұлттық сана, ұлттық мемлекеттілік сияқты мәселелердің өзінің қара сөздері мен «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты еңбегінде рухани құндылықтар жүйесінің қалыптасуы арқылы халық санасының өсуіне бағытталуын байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://e-history.kz/kz/news/show/32003/>
- 2 «Ұлы Даланың Ұлы есімдері. Мақалар жинағы» кітабы, 2-3 бб.
- 3 «Егемен Қазақстан» газеті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, 5 б.
4. [https://ruh.kz/2021/11/27/ uly-dalanyn-uly-esimderi//ruh.kz](https://ruh.kz/2021/11/27/uly-dalanyn-uly-esimderi//ruh.kz)
5. Сейіт Қасқабасов Абай және ұлттық идея //Қазақ газеті. – 2020, 11 қаңтар, 2-3 бб.
6. Абай Құнанбаев Қара сөздер мен очерктер – Атамұра, 2011, 43-45 б.

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ ФОЛЬКЛОРА В ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКЕ

АБДРАХМАНОВ Б. Н

к.и.п., асс. профессор Павлодарский педагогический университет

имени Ә.Марғұлан

БЕКИШЕВА В. Б.

магистрант, группа МИШ – 22 Павлодарский педагогический

Введение Устное народное творчество является неиссякаемым историко-культурным наследием любого этноса, народа и государства. На всем протяжении развития исторической науки, фольклорное наследие считалось одним из важнейших наряду с другими видами исторических материалов. Именно они помогают понять и осознать всю красоту, особенности, неповторимость культурно-исторического наследия прошлого любого народа. Источники устного народного творчества являются объектом исследования многих научных дисциплин, таких как история, этнография, этнология, этнолингвистика, этнопедагогика, этнопсихологии, искусствоведения и других наук.

Материалы и методы Научный интерес к устному народному творчеству всегда был актуален, а с середины XX века приобрел новое дыхание с формированием новых методологических подходов в исторической науке, таких как устная история, цивилизационный, антропологический подходы исследования, глобальная история и другие. Использование источников устного народного творчества позволяет раскрыть многогранность исторического процесса, оценить события и процессы через призму их осмысления народом в целом, как субъекта исторической действительности. В методологии изучения казахского фольклорного материала необходимо выделить дореволюционный, советский периоды и современные исследовательские подходы интегративного, междисциплинарного характера [1, с. 10–12].

Дореволюционный период характеризуется расширением имперских территорий Сибири, Кавказа, Урала, Казахстана и Средней Азии, народы которых имели бесписьменную историю, запечатлённую в устной традиции. Поэтому царизм использовал все имеющиеся на тот исторический период источники информации. Финансировались исследовательские экспедиции по изучению общественно-культурного, политического и экономического аспектов покоренных народов, в том числе особое внимание отводилось фольклорным источникам. В советский период в угоду идеологии фольклорный материал стал источником исследования литературоведов, филологов, лингвистов, которые изучали стилистические, жанровые, типологические, художественно-эстетические, культурные аспекты фольклора. С середины 40-гг. прошлого столетия прекратилось изучение фольклорных

источников в интерпретации исторических событий. Более того считалось, что фольклор возник в феодальном обществе, поэтому критический анализ реконструкции исторического прошлого посредством фольклорных источников был под идеологическим запретом. В настоящее время историческая наука располагает множеством методологических подходов в освещении исторического прошлого, что позволяет раскрывать, дополнять и расширять материал. Это все позволяет использовать фольклор как важный компонент этнической, этнополитической, этно-экономической истории. Начало XXI в. ознаменовалось «антропологическим поворотом» в фольклористике (как и в других гуманитарных науках второй половины XX в.) – интерес сместился от фиксируемого исследователем текста к контексту его произнесения; от «взгляда извне» к «взгляду изнутри» культуры; от описания моделей – или грамматики традиции – к использованию этих моделей в реальной жизни ее носителей, от «простого» описания – к «насыщенному», когда культурное событие изучается с трех сторон: что происходит, как люди объясняют происходящее, какие культурные схемы обуславливают эти типы объяснения [1, с. 8]. В отечественной науке историзму фольклорных источников отводится особая роль, поскольку преобладающая часть источников автохтонного характера периода Казахского ханства и начального периода колонизации составляют произведения устного народного творчества. Среди отечественных исследователей фольклора утвердилось понятие устной традиции, о чем резюмировал в своих исследованиях историк Алпысбес А.: «... сформировались своеобразные термины, самостоятельно обозначающие устную традицию как социокультурное явление: «степная историческая традиция» (Ч.Валиханов), «исторический фольклор» (Е.Бекмаханов, Л.Толстова и другие), «степная устная историография» и «степная устная историология» (В.Юдин), «жанры несказочной прозы» (С.Каскабасов), «народная этногония» (Потапов), «сказительская традиция» (К.Путилов) и т.д. Нередко используются значения «устное народное творчество», «народные генеалогии», «этногенетические предания», «генеалогическая летопись» и др. Причем Алпысбес А. выделил, что «следует делить эти понятия; разграничить понятия «устное народное творчество» и «устная историческая традиция», «бытовой фольклор» и «исторический фольклор» и определиться с дефинициями»

[2, с. 11]. Таким образом, современные исследования в изучении фольклорных материалов позволяют на новом уровне использовать их в исторической науке, раскрывать и обогащать исторические процессы «изнутри», чувствами, мыслями и самосознанием самого народа, интерпретировать события этнической истории для народов с бесписьменным прошлым. Поскольку «для них ещё до недавнего времени фольклор был одним из важнейших способов передачи культурной и исторической информации между поколениями, и одновременно мощным связующим материалом между всеми представителями этнического сообщества». Фольклорный материал является существенным историческим источником, поскольку имеет автохтонный характер, отражает чаяния, сущность, ценности народа изнутри в отличие от источников, пусть и многочисленных, письменных, но написанных колониальной администрацией.

Результаты Фольклорные материалы являются одним из разновидностей этнографических исторических источников, интерес к которым был обусловлен в зависимости от идеологических процессов в отечественной истории. В дореволюционное время в процессе колониальной политики царизма фольклорный материал был важным источником информации об историческом прошлом и социально-экономическом, политическом состоянии покоренных народов. В дореволюционное время устная народная традиция казахского общества была объектом пристального внимания и изучение. Сбор казахского фольклора впервые стал производиться в XVIII веке в рамках этнографических экспедиций Российской империи. Работу по сбору и публикации материала проводили видные русские этнографы: П. И. Рычков, П. С. Паллас, И. Г. Георги, И. Г. Андреев и др. [3, с. 17–18]. В результате целенаправленной политики царизма по изучению специфики казахского народа появились важные для отечественной истории материалы фольклора, зафиксированные в письменном виде. В результате экспедиции А. Ф. Негри в Бухару в 1820 году, капитаном Е. К. Мейендорфом, участником экспедиции (1826) была опубликована монография, в которой он описывает личную встречу с ханом Арынгазы и описывает исторические предания о ханах, султанах и биях, записанных со слов хана. Позже эти данные были переданы А. И. Левшину, который дополнил и опубликовал их в своем известном труде с использованием фольклорных материалов.

[4, с. 15]. В конце 19 века, используя материалы Мусабай жырау «Жанкожа батыр дын толғауы», Н. Г. Веселовский и И. В. Аничков

опубликовали собственные работы. Данные авторы будучи на службе царизма, были практически современниками происходящих событий, придавали огромное значение исторической памяти народа о своих батырах, ханах и биях, о исторических личностях периода колонизации и опубликовали их в ведущих издательствах России того периода, что указывает на значимость их результатов труда для научной общественности, для оценивания политических событий царского периода. Отдельно следует отметить труды дореволюционных казахских исследователей фольклора таких как, Ш. Валиханов, Ы. Алтынсарин, А. Кунанбаев, М. С. Бабаджанов, М. Шорманов, А. Бокейхана и др. Они стремились, вопреки колониальной политики царизма, выделить особенность казахского фольклора, подчеркивали, что казахи есть самоназвание народа, их этническая история отличается от истории, культуры соседних киргизов, кара-киргизов, дико-каменных киргизов. А. Бокейхан на страницах периодической печати впервые поднимает вопросы о сохранности и значении фольклора. В газете «Казах» 1913, № 12 он опубликовал рецензию на вышедший в 1911 году труд Ш. Кудайбердиева «Түрік, кыргыз-қазақ һәм ханлар шежіресі», в которой обозначил значимость изучения шежиры. Другие его многочисленные публикации указывают, что ученый подчеркивал необходимость сохранения эпосов Кобланды-батыр, Бекет-батыр, Едиге-мырза

(А. Бокейхан. Летопись тюрков, киргиз, казахов и ханов) и многих других фольклорных материалов. Ключевыми исследователями казахского устного творчества послевоенного периода стали С. Муканов, Б. Кенжебаев, Е. Исмаилов, М. Каратаев, М. Габдуллин, Б. Адамбаев, Г. Мусрепов и др. В 1950–1960-е годы были изданы научные издания образцов эпоса («Камбар-батыр», «Кыз-Жибек», «Алпамыш») и других жанров («200 казахских песен»), научно-популярные работы («Казахские пословицы и поговорки», 1950; «Песни о батырах», 1961–1964; «Казахские сказки», 1957–1964; «Айтыс», 1965–1966) и другие издания. В 1960-е годы выходит «Памятка собирателям фольклора», составленная Н. Смирновой и О. Нурмагамбетовой. Особо следует отметить труды Е. Бекмаханова, который, несмотря на идеологические запреты, опубликовал свой легендарный труд, посвященный восстанию К.Касымова. В своем исследовании автор привлек произведение жырау Нысанбай «Кенесары-Наурызбай». Поэме Нысанбай жырау «Кенесары-Наурызбай», которую Е. Бекмаханов использовал в качестве

исторического документа, писатель С. Муканов дал следующую оценку: «Поэма Нысанбай жырау имеет наряду с историческим важное литературное значение. Достоинство поэмы заключается в том, что она основана на реализме, поэт смог реальным событиям придать богатый сюжет, который имеет стройную композицию, в поэме четко показаны образы людей, их внешние и внутренние качества». Необходимо отметить революционный труд в тюркской и русско-славянской фольклористике О. Сулейменова «АЗиЯ», в котором автор привел факты о влиянии тюркской культуры на славянскую, используя русский эпос «Слово о полку Игореве». В советский период появляются новые исследования: «О казахском эпосе», «Козы Корпеш» (А. Кобыратбаев), «Акыны» (Е. Исмаилов), «Устная литература казахского народа» (М. Габдуллин) и др. Казахским научно-исследовательским институтом литературы и искусства им. М. Ауэзова были выпущены коллективные сборники: «Казахская фольклористика» (1972), «Проблемы казахских исторических эпосов» (1973), «Типология казахского фольклора» (1981), «История казахской фольклористики» (1988) и др. Исследователь Кобыратбай Т. А. отмечает, что «... на протяжении многих лет фольклор, в т. ч. эпическое наследие, рассматривался как искусство слова, тогда как этническое направление изучает его как народную память, отголоски истории, этнический источник. Необходимость изучения героического эпоса в качестве этнического источника объясняется ростом исторического сознания отдельных народов, включая потребности современной науки» [5, с. 5]. Каждый образец казахского героического эпоса характеризуется воспеванием героических деяний героя – выходца из одного племени. Например, Кобыланды является выходцем из племени кипчак, Алпамыс – коньрат, Ер Таргын – ногай, Камбар – керей и т. д. Примечательно то, что этническая принадлежность батыров ни в одной версии вышеуказанных сказаний не меняется. Поэтому мы говорим, что героический эпос представляет собой дополнительный источник для изучения этнической истории казахского народа. В настоящее время однозначное и полноценное трактование понятия фольклора в научной среде находится в стадии становления и совершенствования, поскольку фольклор является объектом исследования многих дисциплин. Каждая из отраслей знания, будь то этнология, этнолингвистика, история, фольклористика имеет свой предмет изучения, объединяющим или интегративным фактором является устный, этнический,

традиционно-исторический, идейно-ментальный характер фольклора. Таким образом, отраженные дискурсы имеют место для существования и научной интерпретации, однако отражают не сформированность методологического подхода к использованию фольклорного материала к изучению исторического прошлого. Алпысбес А. предлагает опираться на «опыт типологизации фольклора («народная мудрость» = «устное народное творчество») в вопросе подразделения на жанры бытового и исторического фольклора. Под бытовым фольклором и следует понимать «устное народное творчество» – действительно общенародное свободное творчество по созданию бытовых фольклорных произведений, к числу которых следует отнести обрядовые песни, пословицы и поговорки, колыбельные, детские сказки (не путать со сказками с историческими корнями), плач, реквием, песни хозяйственного цикла, религиозные песни, анекдоты и проч. Характер традиции устного исторического знания, очевидно, следует определять в контексте различных существующих форм устного изложения сведений, изустной интерпретации исторических фактов» [2, с. 10]. Алпысбес М. подчеркивает также ценность тюркских и казахских шежире в интерпретации исторических событий: «В основном данные шежире несут в себе информацию о происхождении человека, общин, сообществ (этнических групп, родов, племен); по поводу сущности политической власти (каганов, ханов, султанов), духовной элиты (кожа, сопы, баксы) и народной элиты (би, батыр, ақсақал), структур (хандық, ру, ел, жұрт); традиций (культов, верования, религии, обрядов, общин)» [6, с. 217]. При изучении исторических событий и явлений наиболее информативными по отношению к историческому содержанию станет применение исторического фольклора на уроках истории. Как отметила Тучкова Н. «Наиболее результативной является опора на тексты исторических преданий, так как именно этот фольклорный жанр обладает, во-первых, наибольшей степенью насыщенности конкретной исторической информацией, во-вторых, историческая информация в произведениях такого рода наименее «обработана» художественным способом (что весьма важно для исторических реконструкций)». Особый интерес в этом плане представляется изучение материалов шежире, героического эпоса, произведений жырау, акынов, исторических преданий. В силу идеологических представлений в советское время многие исторические личности, такие как батыры, бии считались вымышленными, исторический аспект

фольклора не был темой специальных исследований. Исследователи Пангереев А. Ш., Балтымова М. Р. изучили вариации героического эпоса «Кобланды батыр», проанализировали дополнительные источники, в том числе материалы археологических экспедиций сделали следующие выводы: «Эпос «Кобланды батыр» передает события разных эпох, сгущая и синтезируя их в описываемых картинах прошлого. Поэтому здесь отразился закон циклизации, свойственный фольклору в целом. Поскольку эпос «Кобланды батыр» охватывает несколько эпох, трудно выяснить, насколько исторически достоверна личность героя. В этом случае могут помочь анатомические, морфологические, антропологические исследования. В знаменитой лаборатории имени М. Герасимова были проведены антропологические исследования останков Кобланды батыра, извлеченных из его могилы в Жиренкопе, в результате которых было выявлено, что этот человек жил во второй половине XVII века. Таким образом, только благодаря комплексным историческим, филологическим и антропологическим исследованиям стало возможным решить проблему исторической достоверности личности героя. Свидетельством тому является личность Кобланды батыра, который из эпического героя вновь стал исторической личностью». Подобные комплексные исследования подчеркивают ценность исторического фольклора в освещении событий прошлого.

Заключение Таким образом, последние исследования показали, что фольклорные источники как часть историко-культурного наследия этноса, народа являются важным источником информации в исторической науке и дополняют бесписьменный период истории многих народов и этносов. Долгое время идеологическое прошлое оказало свое влияние на интерпретацию фольклора в научной среде. Однако междисциплинарный, интегративный подход, историзм, антропологизм фольклора, его этнический характер обусловили историко-антропологическую ценность. В первую очередь проблема не в том, «что изучать», а «как изучать», «как интерпретировать» бесписьменную, но «внутреннюю» историю в сочетании с письменной.

ЛИТЕРАТУРА

1 Методы и концепции в фольклористике и культурной антропологии (конец XX – начало XXI века): материалы XVI Междунар. школы-конференции по фольклористике,

социоллингвистике и культурной антропологии / Сост.: А. С. Архипова, С. Ю. Неклюдов, Д. С. Николаев, Н. Н. Рычкова. М.: РГГУ, 2016. 208 с.

2 Алпысбес М. О значении устных источников в исследовании отечественной истории//Вестник КарГУ. - 2006// <https://articlekz.com/article/5367>

3 Известия Общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. - 2020. - Том 40. – № 1–2. – С. 415

4 Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей. Алматы: Санат, 1996. 656 с.

5 Коныратбай Т. А. К методологии изучения этнического характера героического эпоса (историографические аспекты). - [Вестник Северо-Восточного федерального университета имени М. К. Аммосова: Серия Эпосоведение.](https://cyberleninka.ru/article/n/k-metodologii-izucheniya-etnicheskogo-haraktera-geroicheskogo-eposa-istoriograficheskie-aspekty)- 2020// <https://cyberleninka.ru/article/n/k-metodologii-izucheniya-etnicheskogo-haraktera-geroicheskogo-eposa-istoriograficheskie-aspekty>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ ШОЛПЫ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ШОЛПЫНЫҢ САҚТАЛУЫ

БЕРІКТАЙ Б. А.

5-сынып оқушысы, С. Ғаббасов атындағы ЖББОМ, Абай облысы,
Аягөз ауданы
ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Ө. Б.

Абай облысы білім басқармасы тарих пәнінің мұғалімі, Аягөз аудандық
білім бөлімінің С. Ғаббасов атындағы ЖББОМ

Қазақ қызы арқасында жатқан қос бұрымды шолпымен әшекейлеп қойған. Шолпы – қазақ қыздарының әшекейлерінің ішінде сәнді әрі күрделілерінің бірі. Қазақ арасында оны байлықтың, баршылықтың белгісі деп те санаған. Қазақ салтында шолпыны қыздар мен жас келіншектер тағады, ал егде тартқан әйелдердің таққаны ерсі болады [1, 148 – б].

Енді сөздің шығу тегіні шол деген сөзден, яғни етістіктен жасалды деуге де дәйек бар екен. Шол – шол-у – алыстан байқау, бағдарлау сияқты қимылдың атауы деп болжаған.

Дыбыстық еліктеуіш сөзден де шыққан деп көрсеткен. Шолп етті – бір нәрсенің биіктен (алыстан) суға тускендегі дыбысы [2, 736 – б] Сөздің соңындағы «ы» дыбысы – шолп деген еліктеу сөзден

зат есім тудыратын жұрнақ болып тұр. Сәндік үшін әшекейлі алтын немесе күміс теңге таққан бұйым.

Аталуы басқа тура шолпы сияқты шашқа тағатын әшекей басқа ұлттарда да болған. Башқұрттарда – сулпы, тувиндерде – чавага [3,70 – б] алтайлықтарда – шанқы [4,6 б], татарларда – шулпы [5,2–б], туркмендерде – асық [6,5 – б] деп аталған.

(Алматы облысы, Кеген ауданы, III–IV ғ.ғ.) полихром стиліндегі аса нәзік те, әсем жасалған бұйымның бірі табылған. И.П. Засецкая шолпыны ғұн дәуірінің әшекейлеріне жатқызады. Шолпы – тас орнатылған бес ұяшықты. Ұяшықтар арасындағы ашық жерлер үшбұрыштардан тұратын түйіршіктермен толтырылған. Шетіне цилиндр пішінінен пирамидаларға ұласатын бейнеде түйіршіктер күйдіріліп жапсырылған. Табылған тағы бір алтын шолпының көз салынған ернеуі пирамида пішінді ою-өрнекпен қоршалған. Қазіргі қазақ шеберлері жасайтын кейбір сырғалар пішіндеріне қарай жоғарыда аталған шолпыға ұқсас болып келеді [7,30 б].

Шолпыны о баста әйелдер қара ниетті тылсым күштерден қорғану үшін де тағып жүрген. Халық сенімі бойынша адамның жарты жаны шашта болады деп, оны қорғау мақсатында шолпы, шашбау таққан. Кейде олардың салмағы 3 кг-ға жетке [9, 110 – б].

Зерттеушілердің айтуы бойынша қазақ әйелдері шаштарына темір ақша тәрізді әшекейлер таққан. XVIII ғасырда жазылған И. Георги жазбаларында: «Әйелдер шаштарына кең көлемді, жылтыратылған және әсемдетілген әшекейлер таққан» деген мәліметтер де кездеседі. Шаш әшекейлері алтындатылған күміс ақшалар немесе сақиналардың тізбегінен құрастырылған. Шаш әшекейлерінің тағы бір түрі – үш бөліктен тұратын алтын немесе күміс жалпақ тілікшелер. Оларға асыл тастар бекітілген [7,130 б].

Шолпылардың жалпыға бірдей ел арасына көп тараған сонымен қатар ғалымдардың зерттеулерінде көп ұшырасатын бірнеше түрлері:

1 Қоңыраулы (сылдырмақты) шолпы: Қоңыраулы шолпы біріне – бірі тізбектелген бірнеше ромбы бейнелес күміс құтышалардан құралады да, олардың ішіне сылдырмақтар салынады. Қоңыраулы шолпылардың әрбір детальдарын ұстап тұратын алтын, күміс алақандары бар [8, 148 – б].

2 Қозалы шолпы: Жас қыздар үшін кішкене күміс тиындарды үзбелеп қозалы шолпы жасайды. Оның сынғырлаған үні әдемі жарасып тұрады [8, 149 – б].

3 Қос үзбелі шолпы: Үзбелі, қос үзбелі шолпылар көбінесе арналып соғылған әшекейлі шаш теңгелерді, ақша теңгелерді біріне бірін үзбелеп жалғастыру арқылы жасалады. Теңгелер мен теңгелердің арасындағы үзбелер кейде лента сияқты күміс баулықтарды дәнекерлеп ұстау арқылы, кейде теңгелерді тесіп шығыр еткізу әдісімен тізбеленеді [8, 149 – б].

4 Көзді шолпы (асыл тас қондырылған): Қақталған күмістен үш бұрышты немесе сопақша пішінді етіп жасалады да, ортасына асыл тас орнатылады. Төменгі үлкен тұмаршасының етегіне шынжырлап немесе үзбелеп соғып, сөлкебай тіркелген бірнеше салпыншақ тағылады [8, 149 – б].

5 Көп үзбелі шолпы: күміс, алтын тиындарды көптеп тізіп, үзбелеп жасаған

шолпының бір түрі [8, 149 – б]

6 Сағат баулы шолпы: лента немесе тері пұшпағын алып, оны сағат баулы етіп сызып, ұшына темір, я болмаса күміс тағады [8, 149 б].

Семей қаласының тарихи – өлкетану мұражайында XX ғасырдың басында табылған тиындардан құрастырылған, көп үзбелі шолпы бөлігі сақталған. XX ғасырдың екі үзбелі шолпысы ондағы тиындар арқылы 1922 жылдан кейін жасалғанын көрінеді.

Семей қаласындағы тарихи – өлкетану мұражайында төрт тас орнатылған шолпы жайлы мұражай қорындағы деректе 1970 жылы өткізілгендігі және оның Тоғас руынан шыққан шебер Жуанышев Нұрғалидың қолынан шыққандығы айтылған. Бұл көзді шолпының тасы «Ақық тас» деп көрсетілген.

Сол жәдігерлермен бірге күмістен жасалған аметист пен кальцедон тастары орнатылған көзді шолпының бөлігі де сақталған.

Қарағанды облыстық тарихи – өлкетану музейінде XX ғ. басында жасалған 1984 жылы К. Жанбыбаев деген кісінің музейге 50 сомға тапсырған шолпысы сақталған. Шолпы қайын енесіне (Қаракесек руы) тиесілі болған. Шолпының орталық пластинасында өрнек бар. Шолпы 9 тиындардан құралады, бесеуі ресейлік 1896, 1897, 1899, 1913 жылдарғы 50 тиындар, төртеуі шығыс тиындары. Күміс, қолөнер тәсілі. Музей қорында Кооф 5367 номерімен сақтаулы.

Балқаш қаласындағы тарихи – өлкетану музейінде XIX ғ. жататын шолпы бар. Сопақша және толқынды шеттері бар үшбұрышты пластиналардан тұрады, бір-бірімен сақина арқылы жылжымалы түрде байланысады. Орталық бөлікке түсті тастар

салынған филиграньмен безендірілген 4 пластинадан тұрады. Екі орталықтың әр жағында түсті тастардан жасалған екі табақша бекітілген. Өсімдік текті оюмен өрнектелген. Музей қорында БКМ КП 13170 ИНВЮ 36 номерімен сақтаулы. Сонымен қатар БКМ КП 27585 ИНВ Ю 53 номерімен бір-бірімен ұзыннан ұзақ жалғасып біріктірілген кеңес заманының ақ металл, тиындарынан (1924, 1925, 1927 ж.) тұратын, шаштың ұшына тағылатын сәндік әшекей бұйым сақталған. Өлшемі: 3,2x2,5см

Қостанай облыстық тарихи – өлкетану музейінде Жетіқара қаласының тұрғыны Еспаева деген кісінің 1987 жылы өткізген ақ металдан жасалған шолпысы сақталған. 25x11 см. размеріндегі КП 6473 Дм278 номерімен сақталған шолпының көк түсті екі көзі түсіп қалған. 1992 жылы Науырзым аулының тумасы Т. М. Тазбековадан сатып алынған 18x4,2 см размерлі КП 8510 Дм167 номерімен сақталған шолпы бар. Ақ темірден жасалған сынығы бар ақық тас орнатылған.

Күмістен зер салып жасалған Қостанай қаласының тұрғыны. А. М. Әбішеваның 1999 жылы өткізген 40x6,2 см-лік шолпысы КП 12391 Дм126 номерімен сақталған. Шолпыда тастар сынығы орнатылған.

Атырау облыстық тарихи – өлкетану музейінде Молдахалықова Гүльбикенің 1979 жылы өткізген шолпысы КП 2866 Дм86 номермен сақталған. Зер салынып филигрань әдісімен өңделген темірден жасалған әшекейдің үстіне тас орнатылған.

Қазіргі кезде жастарымыз шет елдік үлгідегі киімдерге қызығып, ұлттық құндылығымызға аса мән бермеуде, шолпы арқылы ұлттық құндылығымызға деген сүйіспеншіліктерін оятуға болады, шолпы туралы деректерді жинап, құндылығы туралы, мәдениетке, қыздарымыздың сұлу да, сымбатты болып өсуіне, денсаулығына пайдасы туралы кейінгі ұрпаққа жеткізу, үйретуді жолға қойсақ нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақтың зергерлік әшекейлері Алматы «Өнер» баспасы 1985 7-бет
- 2 Қазақ тілінің сөздігі Алматы 1999 «Дайк-Пресс» баспасы 736-бет
- 3 Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы: Қазақстан, 1969ж 148-бет 4.

4 Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. Алматы «Өнер» баспасы 1986 жыл 171-бет

5 С.Асановы, А. Птицина Қазақтың ұлттық киімдері және колөнері тарихы.

Астана «Фолиант» баспасы 2016 жыл 30-бет

6 [<https://cyberleninka.ru/article/n/zhenskie-pricheski-i-nakosnye-ukrasheniya-tuvintsev-istoriko-etnograficheskiy-ocherk/viewer>]

7 [<https://school-science.ru/7/18/39914>]

8 [<http://vnesnii-oblik.ru/etnografiya/tatukr.html>]

9 [<http://raretes.ru/turkmenskije-nacionalnye-ukrasheniya/>]

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДА, АРХЕОЛОГИЯСЫНДА ҮЛКЕН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ТҰЛҒА

НУРЛАНОВА А. ТАНАТОВ Б.

8 сынып оқушысы, №21 ЖОББМ Павлодар қ.,

ЕРКЕБҰЛАН Б. Қ

Тарих пәнінің мұғалімі, №21 ЖОББМ Павлодар қ.

Қазақ тарихына көз салсақ өткен ғасыр ұлтымыз талай зұлматты, қиындықты, аштықты бастан кешірді. Бірақ, қазақ даласы өткен ғасырда ұлты үшін жанын беруге әзір тұлға болар, ел болашағы үшін еңбек ете білген тау тұлғаларды да дүниеге әкеле білді. Шынында да, XX ғасыр тек қиындықпен күрескен ғасыр болып қана емес, қазақ тарихында білімге ұмтылу, ізгілікке ұмтылу, жаңалыққа ұмтылу ғасыр болып қала алды десек артық айтқанымыз емес. Өткен ғасырда қазақтың әдебиеті, мәдениетінде, ғылымында, тарихында даму, алға жылжу, том-том шығармалардың дүниеге келуі, халық ауыз әдебиетінде ойып орын алатын дүниелердің театрда сахналануы, қазақ ғылым академиясының құрылуы сынды үлкен-үлкен істермен де тарихта қалды.

Осы аталған істердің барлығы өздігінен орын алған жоқ, әр бір істің артында елін сүйген, ұлтының болашағын ойлаған, қазақтың қамын жеген мықты да майталман мамандар, елі үшін еміренген тұлғалар тұрды.

Сондай нар қасқа, қазақтың маңдайына туған ұлы тұлғалардың бірі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Биыл туғанына 125 жыл толып отырған Қаныш Имантайұлының қалдырған мол мұрасы, елі үшін еткен еңбектері сөзсіз тарихта өз бағасын алған. Бүгінде ел аузында да игі істері, жақсылықтары, қазақ халқына, оның болашағына

жасаған істері аңыз болып айтылып келеді. Бір бойында сан түрлі өнер мен білім тоғысқан, сол өнердің, сол білімнің барлығын еліне беріп кету үшін жан-жақты еңбек ете білген. Бойындағы барын қазақ үшін сарқып беруге тырысып, жанталасып жұмыс істеп, қолынан қаламы мен зерттеу құралы түспеген нағыз ұлтын сүйген тұлға. Ғалым, геолог, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан ғылымындағы геологиялық қызметтің негізін қалаушы, Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, геологиялық ғылымдар институтын құрушы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қалай насихаттасақ та, қай қырынан айтып көрсетсек те мақтана аламыз. Иә, қазақтың ұлы, тек қазақ емес сол кезде Кеңес үкіметіне де білім мен біліктілігінің арқасында көмегі тиген. Ұлы Отан соғысы кезінде соғысуға қажетті пайдалы қазбалардың кені жау қолында қалып кетіп, шұғыл жаңа кен орындарын іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Сол кезде қазақтың нар қасқа ұлы Жездіде жаңа кен орынын зерттеп, ашып, соғыстың шиеленіскен түйінін шеше білген. Бұл өте үлкен тарихи оқиға 1941 жыл сұрапыл соғыстың басталғанына 5 ай болған уақытта орын алып еді. Кеңес әскері барлық майданда шығынға ұшырайды, жеңіліп жатады. Фашистер Украина мен Кавказдағы марганец кен орындарын басып алды. Ол брондалған Болат танктерді жасауда маңызды қоспа болатын. Қазақ топырағында пайдалы қазба қорының бар екенін нақты расталады. Айналырған бір жыл ішінде Жезді кеніші бүкіл Кеңесті шикізатпен қамтамасыз ете бастайды. Кеңес армиясына болаттан құйылған жаңа танкілер жіберу осылай басталады. Міне, Қаныш Сәтбаевтың жасаған осынау ісі тарихта алтын әріптермен жазылып қалады.

Өмірі, еңбегі зерттеліп, зерделеніп жүрген Қаныш Сәтбаевтың қалдырған мол мұрасы сөзсіз қазақ ғылымы, тарихы әдебиеті мен руханияты, білімі үшін әлі талай қызмет ете берері сөзсіз. Себебі, ол тек қана геология саласын, тау-кен қазба байлықтары саласында ғана қызмет етіп қойған жоқ, ол тарихшы, әдебиетші, этнограф, математик-ғалым, математик-педагог болып, осы салалардың бәрінде қажырлы еңбек етіп, қазақ руханиятына өлшеусіз із қалдырды.

Жоғарыда атап өткеніміздей қазақтың бағына туған ұл көптеген тарихи оқиғалардың бастауында тұрғаны жасырын емес. Ол қазақтан шыққан тұңғыш геолог, ол тұңғыш қазақ ғылым академиясын құрушы, әрі тұңғыш басшысы, қазақта алғаш алгебра оқулығын жазған ғалым, қазақ топырағын тереңнен зерттеп, бүгінгі

мол пайдалы қазба қорларының көпшілігін болжап, айтып, анықтап кеткен ең мықты маман.

Қашын Имантайұлы тек геолог қана емес, ол сан саланы менгерген, сан қырлы тұлға болған. Оның бір ғана қырын зерттеп жазып шығуға бір кітаптың өзі аздық ететіні анық.

Қасиетті Баянауылдан түлеген ғалым өмірбаяны да ерекше оқиғаларға толы. Қаныш Имантайұлы Сатпаев 1899 жылы сәуір айының 12-сі Семей облысының, Павлодар уезінде (қазір Павлодар облысының Баянауыл ауданы, Тендік ауылы) дүниеге келді.

Қазақ даласынан нәр алған Қашын өмір қалайды елге игілік берсем деген арман-мақсаттан тұрғанын анық байқауға болады. Ол өзінің жер ананы сүйген, қазақтың тарихын сүйген болмысымен ерекшеленіп тарихта аты қалды. Қаныш Сәтбаев атын тарихта қалдыру үшін еңбек етке жоқ ол, қазақтың болашағы үшін еңбек етті.

Жігіттің мамандық таңдауына Томсктан Баянауылға 1921 жылы емделуге келген профессор Михаил Антонович Усов әсерін тигізді. Ол Қ. И. Сатпаевта туған жерінің кендерін зерттеуге, оны Отанға және адамдарға беруге құштарлығын оятты. Кейін Қ. И. Сатпаев: «Маған социалистік индустрияны көтеруге үлкен құрмет көрсетілді. Қазақстанда алдыға басарлық ғылым құру» деп жазды.

Осы бір ауыз сөзінен ақ, ғалымның қазақтың өзін емес, тарихын, болашағын да құрметтегенін, сол болашаққа үлкен арман мақсатпен қарағанын және тек айтып армандап қана қоймай сол мақсатқа жету жолында аянбай тер төккенін байқауға болады.

М. А. Усовпен кездесу өмірін күрт өзгерткен қазақтың қара баласы өзі армандаған мамандықты алып, 1926 жылы Қ. И. Сатпаев Томск технологиялық институтын сәтті бітіріп, тау-кен инженер-геолог дипломы бар бірінші қазақ болып, халық шаруашылықтың Орталық Кеңесіне жіберілді.

Қ. И. Сатпаев «Атбасцветмет» тресінің геологиялық бөлімін басқарды. Оның алдына үлкен міндет қойылды – Жезқазған-Ұлытау ауданында пайдалы қазбалар қорларының жоспарлы анықтау бойынша бірінші стационарлық геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу. Жезқазған қорларын қарапайым деп есептеген ағылшындар мен ХКК-дағы Геологиялық Комитеттен айрықша Сатпаев осы аймақта кендердің үлкен қорлар бар болғанында күмәні болған жоқ.

1932 жылы Қ. И. Сатпаев бірінші ғылыми монография «Жезқазған мыс кендерінің аймағы және оның минералды қорлары» жариялады. Сол уақытқа қарай Жезқазғанда ХКК-дағы Геологиялық комитеттің қызметкерлері мен ағылшын мамандары айтқандай 60 мың тонна емес,

2 млн.нан астам мыс бар екені анықталды. Ол Қ.И.Сатпаевтың ғылыми болжаудың дәлелі болды

1934 жылы КСРО Ғылым Академиясының сессиясында Қ. И. Сатпаев «Мыс, көмір, марганец рудалары және Жезқазған-Ұлытау ауданының басқа пайдалы қазбалары» баяндамасымен сөз сөйледі, бұл баяндамада Жезқазған кен орнының және барлық ауданның үлкен перспективалары жан-жақты негізделген.

1937 жылы барланған мыс кендері Жезқазғанды әлемдегі ең үлкен кен орны деп атауға және осы жерде тау-кен кәсіпорынды салуға мүмкіндік берді. 1938 жылы ақпан айының 13-і Наркомтяжпромның Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинат слау жөнінде бұйрығы шықты.

1941 жылы Қ. И. Сатпаев КСРО ғылым академиясының Қазақ филиалының Геологиялық институттың директоры болып тағайындалды, бір жылдан кейін ол осы бөлімше – Республиканың болашақ Ғылым Академиясының жетекшісі болды. [1]

1946 жылы Қаныш Сәтбаевтың тікелей ықпалымен Қазақстан Ғылым Академиясы құрылды. Ол орталық республиканың табиғи ресурстарын неғұрлым толық зерттеуге және пайдалануға, ел экономикасының ғылымы мен мәдениетінің өркендеп өсуіне үлкен мүмкіндік берді.

Қаныш Имантайұлы ғылым саласынан бөлек, тарих пен мәдениет саласында да мол еңбек қалдырды. Ш. Уәлиханов жазып алған Ер Едіге жырын қазақ оқырмандарына арнап, қайта дайындады. Сондай-ақ, Затаевичтің «қазақтың 500 ән-күйі» жинағына өз орындауында қазақтың 25 әнін қосты және оған орыс тілінде ғылыми түсініктеме берді.

Ол кісінің атқарған еңбектерінен бөлек, азаматтық болмысы да бүгінге аңыз болып жетті. Әсіресе, ағылшын премьерінің алдында «Менің халқым менен де биік» деп ұлтының мәртебесін асқақтатқан тұлғаны біз де ұлықтауға тиіспіз. [2]

Ол тек жерді ғана зерттеп зерделеугенін жоғарыдағы тарихқа, мәдениетке деген қызығушылығынан да аңғаруға болады. Ол тек зерттеуші, ғалым ғана емес терең жаза білетін, өз стилі қалыптасқан қаламгер ғалым болған. Оның қаламынан туған мақалалар, монографиялар мен зерттеу жұмыстары әл күнге қазақ геологиясына, қазақ тарихына үлкен үлес қосып келеді. Ол өз еңбектері арқылы көптеген қазақ ғалымдарының шоғырын, тарихшыларының шоғырын тәрбиеледі деуге де болады. Себебі, Қаныш Сәтбаев қаламынан туған көптеген тарихи ақпараттар,

деректер, зерттеу жұмыстары әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпаған. Әлі күнге дейін білім алушы, ізденуші жастар үшін ең қажетті, ең керекті бағдаршам болып тұрғаны хақ.

Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі; бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кен-металлургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ, Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады. Оған арналған бірнеше мұражайлар бар [3].

Қаныш Имантайұлының еңбек жолында тартысты сәттер де аз болмаған. Бір ғана Жезқазғанды зерттеу жолында қаншама қиындыққа тап болады. Қ. И. Сәтбаев келгенге дейін Жезқазғанда барлау жүргізген геологиялық комитеттің қызметкерлері Жезқазғанды шағын, келешегі жоқ кеніш деп санады. Бірақ қазақтың тұңғыш ғалымының тегеурінді тартысы, қажырлы еңбегінің арқасында өзінің дұрыстығын, бұл кеннің болашағы жарқын екенін дәлелдеп шыға алды. Міне, бұл да Қаныш бойындағы қазаққа ғана тән күрескерліктің белгісі деп ойлаймын.

Қазақ археологиясы мен тарихында өлшеусіз із қалдырған Қаныш Сәтбаев елі үшін, қазақ үшін, сол кездегі Кеңес үкіметі үшін де пайдалы да ең қажетті жұмыстарды атқарды. Солай бола тұрса да қудалаудан, түртпектен аман қалған жоқ. Қазақтың тұлғаларын, тарихын, болмысын жасыруға, құртуға тырысқан сол кездегі жүйенің шокпары Қаныш басына да тигені тарихи шындық. Бұл жайлы ел тәуелсіздігін алған соң, Қазақстан атты көк байрағы желбіреген ел болған кезімізде ашық айтыла түсті десек, бұл да тарихи шындық.

Жаппай қуғын-сүргін 1945 жылы екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, 1950 жылдардың басында қайта жалғасты. Оған қазақ ғылымының қаймақтары: Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Есмағамбет Исмайылов, Қажым Жұмалиев, Ахмет

Жұбанов... т.б. ілікті. Ғылым Академиясының президенті, бүкіл әлемге белгілі ғалым-геолог Қаныш Сәтбаев пен жазушы Мұхтар Әуезов сынды халқымыздың көрнекті ұлдарын қызметінен айырып, республикадан кетуге мәжбүр етті.

Қазақтың қайраткер ақыны Қадыр Мырзалиев өзінің естелігінде: «Отызыншы жылдардың ойраны хақында ондаған, тіпті жүздеген материал оқыдым. Бір ғажабы – қуғын көрген, қамауға алынған бір де бір дәлдіріш, ақымақты кездестіре алмадым. Керісінше, асыл азамат, аяулы аруларды аяусыз аластау кезінде әлгіндей дәлдіріштердің бәрі Сталиннің жандайшап жеңдетіне айналған. Талантты тұлғаларды таптап, жаныштауды кімдерге тапсыруды Сталин жақсы білген», - деп нақты тарихи шындықты келтіріпті [4].

Міне, жоғарыда келтірілген деректер Қаныш тағдырының да қудалаудан аман болмағанына дәлел бола алады. Бір өзі бір ұлттың болашағы үшін осыншама еңбек етіп, осыншама тер төккен тұлғаның болмысы, оның тарихи тұлғасы, оның еткен еңбектерінің барлығы бір ғана мақалаға сыймайтыны анық. Дегенмен, бір өзі сан салада еңбек ете білген қазақтың Қанышының талантты ұлға, ұлты үшін туған ұл, тарихта тарихи істері арқылы аты қалған жан екенін барынша айқындай түсуге тырыстық.

Қаныш Имантайұлы Жездідегі марганецтің елімізге үлкен қорларын ашқан тұңғыш қазақ кәсіпқой геологы, қазақтан шыққан тұңғыш геология-минералогия ғылымдарының докторы, Қазақстан ғылымының гүлденуі мен оның толық практикалық қайтарым беруі жөнінде тынымсыз еңбек еткен. Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, Кеңес Шығыс республикаларының ішінен КСРО Ғылым академиясының тұңғыш академигі, ғылыми кадрлардың өсуіне қамқорлық жасаған, жастардың данышпан тәлімгері. Ол атын тарихқа ғана емес, аспан әлеміне де жазып кеткен қазақтың ұлы. Бүгін Қазақстан пайдалы қазбалары арқылы, экономикасы өркендеген, даму жолындағы ел болған болса, сол еңбектің артында Қаныш Сәтбаевтың да төккен маңдай тері, қажырлы жұмысы, үздіксіз, тоқтаусыз жасаған ұлы істері жатыр. Міне, бұл да тарих өшіріп тастай алмайтын шындық деп білемін.

Ұлты үшін ұлы тұлға болған Қаныш Сәтбаев 1964 жылы Мәскеуде ауруы асқынып қайтыс болады. Ғалым Алматыдағы орталық зиратқа жерленеді. 65 жылдық ғұмырында өмірін ұлтына арнаған тұлғаның бүгінде елімізде бірнеше ескерткіші, бірнеше музейі жұмыс жасап тұр. Қаныш Сәтбаев атында қала да бар. Өзінің

тарихи жолын адал еңбекпен ұштастырып кеткен ғалымның тура осылай дәріптелуі де еш жасандылық емес шынайылық екені анық. Себебі, ол ұлытының бағына туған ұл еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Деректеме Сатпаев Қаныш Имантайұлы <https://museum.kstu.kz/kz/SatpaevKI.html>

2 [«Қазақтың Қанышы...», 12 Сәуір, 2019 жыл, «abai.kz» сайты, авторы- Нұрбике Бексұлтанқызы]

3 [Уикипедия ашық энциклопедиясы ашық деректерінен алынды. Сілтеме https://kk.wikipedia.org/wiki/Қаныш_Имантайұлы_Сәтбаев]

4 [«Қазақ зиялыларының қудалануы» 29 Мамыр, 2017жыл, «Егемен Қазақстан» газеті, авторы - Бекен Қайратұлы.]

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ЖАСТАР ЖАДЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

ЗАРЛЫҚ А, ФАЙЗУЛЛАЕВА С.
оқушылар, Жамбыл атындағы ММЛИ, Қарағанды қ

Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, тағдыр мен тарихтың бұралаң жолдарында қандай қиындықтарға тап болса да рухы сынбай алыстан бағдар сілтеп тұратын Темірқазық сынды жұлдыз тұлғалар болады. Қазіргі кез келген қазақ баласы үшін, барша қазақ халқы, тіпті бүкіл адамзат ұрпағы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сондай тұлға.

1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысы Баянауыл ауданы Ақкелін болысында қазақ даласында тау қыраттарды аралап, түрлі тас жинағанды ұнататын ерекше бала өмірге келді. Әкесі оны нағыз «Ұлы Дала баласы» етіп тәрбиеледі. «Еңбектен адам өлмейді, қайта шындалып, намысың күшейе түседі» деп ержүректікке, төзімділікке және білімге баулыды. Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогенді мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик [1, 16-6].

Қаныш Сәтбаев 1926 жылы Томбы технологиялық институтын үздік тәмамдап, қазақтан шыққан тұңғыш дипломы бар кәсіби инженер-геолог атанады. Бұл оқиға жалпы Сәтбаев үшін ғана емес, күллі елге қуаныш сыйлады. Міржақып Дулатұлы «Еңбекші қазақ» газетіне Қанышты диплом алып шығуымен құттықтап, мақала

жазып, туған халқына үлкен пайдасын тигізетініне сенімін білдіреді. Қ.И. Сәтбаев 1930-1940 жылдары әлемдегі ең ірі Ұлытау-Жезқазған мыс кен орнын ашты. Осы деңгейдегі кен орнын ашқан еңбегі үшін Қ.И. Сәтбаев КСРО-ның Ленин орденімен марапатталды. 1944 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы оған «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағын береді.

Қаныш Сәтбаев – Қазақстан тарихындағы жай ғана есім емес, ол – ғылыми жетістіктердің, биік талап пен зерттеуге берілгендіктің символы. Сәтбаев-өмірінің көп бөлігін Қазақстанның бостандығы мен ілгерілеуі үшін күресте өткізген көрнекті қайраткер және ойшыл. Оның геология ғылымына қосқан үлесі баға жетпес және оның мұрасы, оның ғылыми зерттеулері, бай тәжірибесі және адалдығы оны ел тарихындағы ең маңызды тұлғалардың біріне айналдырды. Бүгінгі күнге дейін оның есімі мен мұрасы жастар үшін айтарлықтай маңызға ие

1932 жылы Қазақ сахарасын аштық жайлайды. Голощекин реформасынан миллиондаған қазақ қырылды. Қаладан ауылына келген кезде аштықтан қиналған адамдар мен бұратылған бауырларын көріп, жаны қатты қамығады. Ақыры әйелі екеуі әпкесін, балаларын Қарсақбайға өздерімен бірге алып кетеді. Сөйтіп екеуі аштықтан 19 жанды аман алып қалады. Аяқтарынан тұрғызып, азамат қатарына қосады. Солардың бірі Алтын Адамды тапқан атакты археолог Кемел Ақышев болатын.

Қазақ елінде Қаныштың ерен еңбегі ерекше бағаланып, қазіргі кезде Қаныш атамның атында гимназия мектептері, Қарағанды облысының қаласы, көшелер, Баянауыл ауданының ауылы, Қазақстан Ғылым Академиясының «Геология институты», «Екібастұз инженерлік-технологиялық институты» мен «Қазақ ұлттық техникалық университеті» аталған. Сонымен қатар, Қаратауда табылған жаңа минералға Сәтбаев аты берілді және де Сәтбаев атты гладиолус гүлі де бар. Ал Жоңғар Алатауындағы Сәтбаев мұздығы Қаныштың есімін одан сайын биіктете түсті. Кеңестік астроном Николай Черных қазақтың ғалымының құрметіне 1979 жылы жаңа ашқан астероид, яғни Кіші ғаламшарға Сәтбаев атын берді. Қаныш Сәтбаевтың біздің заманымызда алатын орны ерекше. Қаныш Сәтбаевтай тұлға бұл өмірде жоқ десек жаңылмаймыз. Қаныш атамның Қазақстанға, қазақ еліне қосқан үлесі өте көп. Қазіргі Қазақстанның деңгейін Қаныш Сәтбаевтың қосқан үлестері көтерді десекте болады [1,518-6].

Қазақ халқының көрнекті ұлы 1964 жылы дүниеден өткеннен кейін:

Айырылдық деп жүрсек біз Қаныштан,
Өмір екен –
Өлімді өзі жанышқан!
Жұлдыз болып,
Нұрға толып,
Әне ол,
Жарқырап тұр
Аспан барып, алыстан.
Ерен ғалым...
Қатпар-қатпар жер қойнауын ақтарып,
Жер үстінің арманына жалғаған!
Тәтті ұйқысын бұзып талай машық қып,
Шұға емес, брезент киген жарықтық.
Жер кеудесін дүрбілеп те, үңгілеп
Кешті өмір,
Байлық іздеп халықтық! – деп қазақ халқы қайғыдан қан жұтты.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың құрметіне «Қазақстан Ғылым Академиясының жаратылыстану саласы бойынша сыйақы» тағайындалған. Қазақстан Ғылым академиясы ғимаратында ҚР ҒА алғашқы президенті Қ. И. Сәтбаев атындағы мемориалдық мұражай ашылған және де Қарсақбайдағы 1925-1940 жылдары Қ. И. Сәтбаев тұрған үйге мемориалдық тақта қойылған. Мәскеудің жаңа тарих мұражайында Қаныш атамның мемлекеттік марапаттары, құжаттары бар стенд қойылған. Қазақ халқының ерекше білімді, көрнекті ұлын есте сақтау үшін Қазақстанның көптеген қалаларында, мәселен Павлодар облысы Ақсу қаласында, Алматы, Атырау, Қарағанды қалаларында ескерткіштері бар [2,54-6].

Сонымен қатар С. Торайғыров атындағы ПМУ-да жыл сайын Сәтбаев оқулары өтеді. 1989 жылы Сәтбаевтың 90 жылдығы және 2019 жылы Сәтбаевтың 120 жылдығы дүркіреп атап өтілді. Қ. Сәтбаев ұлтының болашағы үшін көптеген ұлы істер жасады. Оның геология ғылымында ашқан жаңалықтары мен жасаған жүйелері әлі күнге дейін қолданыста.

Академик Сәтбаев 50-ден астам ғылым кандидаттары мен докторларын даярлады. Солардың қатарында белгілі ғалымдар Шахмардан Есенов, Евней Букетов, академик Өмірхан Аймағанбетұлы секілді өсіп-өнген азаматтар Қаныш жолын жалғастыратын лайықты ізбасарлар. Мысалы, Сәтбаев шәкірті

Букетов атында университет бар, Өмірхан Аймағанбетұлы Ленин орденімен марапатталған [3, 98-б].

Сәтбаев білімді және сыни тұрғыдан ойлайтын зиялы болды. Сәтбаевтың тарихты, экономиканы және саясатты зерттеуге деген ерекше көзқарасы көптеген жастардың назарын аударды. Ол ғылыми ойлауды белсенді насихаттаушы болды және білім беру мен дамуда үнемі жаңа идеяларды енгізді. Қаныш Сәтбаевтың жастар жадындағы орнын бағаламау мүмкін емес. Ол жай ғана ғалым емес, көпке ақылшы, көшбасшы, үлгі болды. Оның ғылыми ізденулерді қажет етуі, білімін жетілдіруге ұдайы ұмтылуы өскелең ұрпаққа тағылым. Сәтбаев ғылымға берілгендік пен жанқиярлықтың символына айналды. Кішіпейіл бастамадан халықаралық деңгейде мойындалғанға дейін оның өмір жолы үлкен жетістіктерге толы. Жастар арасында Қаныш Сәтбаевтың есте мәңгі сақталуы, оның білім мен ғылымға қосқан еңбегінің маңыздылығын көрсетеді. Оның өмірі көптеген жастарды білімге ұмтылуға және өзін-өзі үнемі жетілдіруге шабыттандырады. Ол зияткерлік дамудың маңыздылығын және оның ел болашағын құрудағы рөлін көрсетеді. Оның бостандық пен прогресс үшін үнемі күресі жастардың қызығушылығын тудырады және оның идеялары жаңа ұрпаққа ой салуды жалғастыруда. Сәтбаев жастарды саяси және әлеуметтік өмірдің белсенді қатысушылары болуға, алдына жоғары мақсаттар қоюға және елдің дамуына ұмтылуға шақырады. Көптеген жастарды өз қоғамының игілігі үшін әрекет етуге шабыттандырады. Қаныш Сәтбаевтың жастар жадындағы орны оның Қазақстан тарихындағы маңыздылығымен ғана емес, жастардың зияткерлік саласы мен білімін дамытуға қосқан үлесімен де байланысты. Жастар прогрессивті және тапқыр болуға тырысады және осы қасиеттерге ие адамдардың өмірлерімен танысады. Сәтбаев жастарды ақиқат жолына шабыттандырып, бағыттай алатын осындай көшбасшының жарқын үлгісі болып табылады. Қаныш Сәтбаевтың есімі жастар жадында мәңгі сақталады. Жастар үшін Сәтбаев – тарихи тұлға ғана емес, сонымен қатар өзінің жеке және кәсіби өсуінде үлгі алатын даналық пен басшылықтың символы. Сәтбаев – ғылымның, білімнің, табандылықтың арқасында мүмкін болмайтын нәрсенің болмайтынын қажырлы еңбегімен, тілегімен дәлелдеген жастарға үлгі-өнеге. Оның ғылыми ізденістері мен ашқан жаңалықтары жас ұрпақты алға қойған мақсатына жету жолындағы қиындықтарды жеңуге, дамуға шақырады. Олай болса, Қаныш Сәтбаеваның жастар

жадындағы орнын Қазақстанның ұлы ғалымдарының бірі және патриоттары ретінде дәріптеп, құрметтеуге болады.

Қаныш Сәтбаев жастар жадында мәңгі орын алу үшін көптеген байқаулар мен іс-шаралар, көрмелер, конференциялар өткізіп тұру қажет. Жастар Қаныш туралы ақпаратқа оңай қол жеткізу үшін Қаныш Сәтбаевның өмірі мен мұрасын көрсететін веб-сайт немесе бейнероликтер сияқты онлайн ресурстарды жасау керек. Білім саласында жастар оның ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесін білуі үшін білім беру бағдарламаларына Қаныш Сәтбаевтың өмірбаяны мен жетістіктерін енгізу. Осы орайда, Қаныш Сәтбаевты еске алу мақсатында мектепте оқушылар арасында «Ашық алаң» бағдарламасын өткіздік. Оқушылар Қаныш туралы білетін ақпараттарымен бөлісіп, ой алмасты. Нәтижесінде оқушылар Қаныш Сәтбаевты жақсы танытындарын, оның еңбектерін тани білетіндерін көрсете білді. Осы бағдарламаның түйіні жастар ұлы тұлғаларды ұмытпаған, әрдайым естерінде. Қаныш Сәтбаев туралы көп білуге құлшыныстары одан сайын ояна түсті. Бар болғаны 65 жас өмір сүріп, бар ғұмырын туған ұлтының тірлігін түзеуге сарп еткен Қаныштай ұлы тұлғамызға арнап басқа да мектептер мен жоғары оқу орындарында «Қаныштану» курстары өткізілсе дейміз... Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімі қазақ тарихында алтын әріптермен жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.А.Абдулин «Қаныш Сәтбаев және Қазақстан ғылымы»..., 1999 жыл.
2. Қазақ энциклопедиясы «Қаныш Сәтбаев энциклопедиясы»..., 2012 жыл.
3. Медеу Сәрсекке «Қазақтың Қанышы» Алматы «Атамұра»..., 1999 жыл.
4. Оразов Т «Қаныштың жастық шағы» Алматы..., 1971 жыл.
5. К.И. Сәтбаев «Письма и заметки» Алматы «Атамұра»..., 1998 жыл.

ХАЛҚЫНА ҚАЛҚАН БОЛҒАН БАТЫРЛАР ЖОЛЫ

ИМАНШӘРІП Н.

5 сынып оқушысы, Май ауданы Көктөбе жалпы орта білім беру мектебі.

АХМЕТОВА Б. Б.

жетекші тарих пән мұғалімі Май ауданы Көктөбе жалпы орта

білім беру мектебі.

Ұлттың бостандық жолындағы табанды күресінің арқасында Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Егемен мемлекеттің құрылуына, оның іргесін бекіту жолында орасан зор еңбек сіңірген тарихи тұлғаларды жадымызда сақтап құрметтеуіміз қажет, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақта, жерін жаудан, елін езгіден, қызын күндіктен, ұлын күлдықтан қорғаған, ол – батырлар!

Ендеше, ұсынып отырған жұмысымды мемлекет басшысының сөзіне сүйеніп, Май және Баянауыл аудандарының жерлеріндегі сынды батыр бабаларымыздан басталатын ерлік істерімен, жүрген жолдары бойынша жолсілтемесі жасадым.

Қазақ халқының егемен елдікті қорғауға бағытталған ұлы күресі бірнеше ғасырға созылды. 1643–1759 жылдар аралығындағы жоңғар хандығының шапқыншылық жорықтарына қарсы қорғаныс шаралары сол күрестің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ-қалмақ әскерлері арасындағы шайқастар Ертістің Кереку-Май-Баянауыл өңірінде де өтті.

Тарихи деректерге қарағанда, 1741 жылдың көктемінде Олжабай батыр бастаған қазақ қолы жоңғар әскерлерін Баянауылдан ығыстырып шығарыпты да, соңынан қуып отырып 60 шақырым қашықтықтағы Серектас тауы бөктерінде күйрете сокқы берген.

Сол кезден бастап әлгі тау Қалмаққырған атанған. Қалмаққырған тауы қазіргі кезеңде Павлодар облысы Май ауданы Ақшиман ауылдық кеңесінің аумағына қарайды

Шайқас жөнінде азды-көпті ғылыми зерттеу еңбектері, мақалалар, әңгімелер, поэмалар, өлеңдер жарық көрді, жергілікті зерттеушілер Ресейдің Омбы қаласы мемлекеттік мұрағатынан Қалмаққырған шайқасы жөніндегі деректерді, шайқасқа қатысқан тұлғалар жайындағы мәліметтерді, екі ел әскерлерінің іс-қимыл әрекеттері сызылған картаны тауып жариялады [1].

Олжабай батыр, Орта жүздің көптеген руларының ұранына айналды. Көптеген соғыс жорықтарында Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары сынды батырлармен бірге шайқасты. Осы шайқаста немере інісі Жасыбай екеуі тұтқиылдан қалмақтарды күтеді.

Жасыбай әскерімен Шойынкөл тұсындағы асуда, Олжабай Торайғыр көлінің маңындағы асуда жауды күтіп тұрды. Мұны білген қалмақтар басқа жол тауып, Жасыбайдың әскерін таңдай қақтырды. Жасыбай ерлікпен қаза тапты. Олжабай көмекке келіп, жауларды қоршап, жойып жіберді. Оның қорқынышты түрін көрген

досы Төртұл Баймұрат батыр: «Енді тыныш бол, саған қарсы шығатын ешкім жоқ, қалғанын маған тапсыр», – дейді. Олжабай: «Мен әлі Жасыбайдың бір саусағы үшін кегін алған жоқпын», – деп жауап берді. «Қалмақтардың бұл жолы қырылғаны сонша, өліктері жолын ұзына бойына шашылып қалады» деп жазды орыс ғалымы Н. Коншин.

Туған елін, өскен жерін ата жаудан азат ету жорығында сан ерлігімен көзге түсіп, осы игі мақсат жолында қаза тапқан Жасыбай батырдың есімін ардақтаған халқы кейін Баян тауының ол қорғаған асуын – «Жасыбай асуы» деп, Жасыбайдың атымен аталып, Шойынкөл «Жасыбай көлі» деп аталады.

Баянауылдағы Жасыбай асуы бойына қойылған батыр моласын кезінде этнограф - ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов сипаттап жазып кеткен болатын. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның пайымдауынша, 1741 жылы Баянауылда болған шайқасты Олжабай, Жасыбай жасақтары жоңғарларды талқандайды. 25 жасында қаза тапқан Жасыбай батыр 1716 жылы дүниеге келген деп жорамалдауға болады деген [2, 65-6].

«Абылай найза мекені» (Май ауданы)

«Абылай, найза мекені» немесе «Шабанбай жайылымы» деп аталатын тарихи жер Баскөл ауылының іргесінде жатыр. Бабалардың ізі қалған киелі мекен жайында аңыз-әңгімелер шежірешілерден және ауыл ақсақалдарынан жеткен. Жаугершілік заманда Жоңғар шапқыншылары Қалмаққырылған тауының етегінде үлкен тойтарысқа ұшырайды. Дәл сол жолы жауға қарсы атой салған қалың әскер Шабанбай деген дәулетті адамның жайылымына келіп үш күн аялдапты. Жаужүрек батырлардың жолсоқты кейпін көрген жомарт жан хан Абылайдың қарамағындағы жасаққа 500 сәйгүлік мінгізіп, киім-кешек пен ас-суларын әзірлеп берген деседі.

Тілеуқабыл батыр (Май ауданы)

18 ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде ел қорғаған Тілеуқабыл Дәулетбайұлы – Абылайдың әйгілі батырларының бірі болған. Ол туралы заманында деректер көп болған, ал қағаз бетіне түсіп сақталғаны аз. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: «Тілеуқабыл деген аты қалып, батыр атанып кеткен», - деген жазба қалдырған. Ата қонысы осы, Жаңатілек ауылы, Май ауданы, қазіргі Баскөл ауылы

Малайсары туған жер (Май ауданы)

Малайсары 1700 жылы Павлодар облысы Май ауданында туған. Орта жүз батыры, биі. Абылай ханның сұлтан кезінен сенімді серігі болған. Ш. Уәлихановтың жазуына қарағанда, Абылай

хан Малайсарының батырлығына, ақылы мен қайратын жоғары бағалаған. Қазақ-қалмақ соғысын тоқтатып, екі хандық арасында бейбіт бітім жасау саясатын ұстанды. Ол жоңғарларға қазақтың елшісі болып барған

«Қалмакқырылған» шайқасы болған жері (Май ауданы)

1756 жылы Олжабай батыр бастаған Баянауыл мен Ертіс өзені аралығындағы қазақ-жоңғар шайқасына куә болған Серектас тауы аталған. Қалмақты қырған женістен соң тау «Қалмакқырылған» деп аталған.

Жоңғар шапқыншылықтарында батырлығымен көзге түскен батыр Олжабайдың ерлігіне Абылай хан сүйсініп, «Олжабай есен болса – ел аман», «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген атақ берген...».

Жасыбай қаза болған жер (Баянауыл ауданы)

Аңыз бойынша, бұл көл Шойын көл атанған. Көл жағасында қалмақ мергенінің қолынан қаза тапқан қазақ жауынгері Жасыбайдың атымен «Жасыбай көлі» аталған

Жасыбай батыр мазары (Баянауыл ауданы)

Жасыбайдың бейіті әлдеқашан шөп басқан. Бірақ оған апаратын жол тар, қазақ халқының даңқты перзентінің есімін ардақтағысы келетіндер осы жолдың бойымен өтеді

Абылайтас (Баянауыл ауданы)

Баянауылдың етегінде, Сабындыкөл жағасында ұлы әміршінің құрметіне аталған «Абылайтас» деген әдемі трактат бар. Аңыз бойынша, дәл осы жерде 1734 жылы Абылай ақ киізге шығып, Орта жүздің сұлтаны болып жарияланды. Сондықтан бұл жер Абылай жартас деп аталды.

Абылай хан ордасы (Баянауыл ауданы)

Абылай хан – қазақ ордасының ең ұлы хандарының бірі. Арқа өңірінде Абылай ханға қатысты жер атаулары аз емес. Соның бірі – Баянауыл жерінде. Ғылыми тұжырымға сүйенсек, академик Манаш Қозыбаев өз еңбегінде 1734 жылы Абылай ханды Сабындыкөлдін жағасында ақ киізге отырғызып, хан көтергенін жазады. Абылай хан Баянауылды 3–4 жыл қоныс қылған.

Жасап отырған жолсілтемесінің кітапша ретінде жасалған және жолсілтеме мақсаты: туристер жүріп өтетін бағытты күні бұрын жоспарлау арқылы тарихи орындар мен шайқас болған алаңдарын аралап танысуға бағытталған сонымен қоса табиғат сұлулығымен тамашалауға байланысты жол.

Тарихымызға көз салсақ, осындай ұлан-ғайыр кең дала ата-бабаларымыздың асқан ерлігімен, қанымен жеткен. Отан тарихындағы Абылай хан, Малайсары батыр, Олжабай батыр, Жасыбай батыр сынды тағы басқа елге қорған болған алып тұлғаларымыздың есімін жас ұрпақ ортасына кеңінен насихаттау

Қалмакқырған шайқасында жат жұрттықтардың әскерлеріне ойсырата соққы беріп, екі ғасырдан астам уақытқа созылған қазақ-жоңғар соғысының еліміз үшін жеңіспен аяқталуына айтулы үлес қосқан баһадүр бабаларымыздың ерлігін ұлықтау – бүгінгі ұрпақтарының азаматтық парызы. Қазақ-жоңғар соғысы тарихында Қалмакқырған шайқасының маңызы елеулі, жас ұрпақтың санасында тарихи таным шеңберін кеңейте түсуге, мемлекетшілдік сезімін қалыптастыруда мәні зор.

Тарихын білмейтін халықтың келешегі бұлыныр. Ондай халық түбінде әлем сахнасынан жойылып кетеді [3, 43-6].

«Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашығына көзі жетпейді» деп Міржақып Дулатұлы атамыз бекер айтпаған.

Ұлан байтақ өлкені мекендеп, ат үстінде күн кешкен халықтар туған жердің әр пұшпағы үшін жанқиярлықпен күресіп, батырлық рухын бүгінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Бабадан мирас болып қалған бұл құндылықты дәріптеу, отансүйгіштікке баулудың бірегей құралы деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <https://sn.kz/sn-sayasad/90548-kalmakk-yrghan-shaikasy-otken-onirge-keshendi-eskertkish-ornatu-kerek-arman-kani>

2 Сейдімбек А. «Елтұтқа» Қарағанды: Қасым баспа үйі, 2001 ж. – 65 б

3 Нухұлы А. «Баянаула перзенттері» 1-кітап. – Павлодар: Новое издание, 2008ж. – 43б

ИСТОРИЯ КУКЛЫ И ЕЁ РОЛЬ В ВОСПИТАНИИ

НИКОЛАШИНА О. Л.,
педагог дополнительного образования, Школа национального возрождения
имени К. Б. Даржумана», г. Павлодар
ИСАТАЙ А.А.,
воспитанница финно-угорского отделения,
Школа национального возрождения имени К. Б. Даржумана,
г. Павлодар

Куклы в эпицентр моего внимания попали, когда мне было 11 лет. Случилось это после просмотра мультфильма «История игрушек». Суть мультфильма в том, что после того как люди переставали играть с куклой и уходили, куклы оживали и жили своей жизнью. Тогда я впервые задумалась, что кукла – это значительно больше, чем просто игрушка, напоминающая человека в миниатюре. На тот момент, я думаю это было больше детское психологическое «потрясение» от мысли, что мои игрушки за моей спиной тоже оживают.

Но самый настоящий интерес к куклам у меня появился на занятиях по декоративно-прикладному творчеству в нашем финно-угорском отделении, когда мы приступили к изготовлению кукол своими руками. Меня удивило как ловко наш педагог делает кукол и как она к ним относится. Своей любовью к куклам она пробудила во мне большой интерес и мне захотелось узнать о куклах всё. Заметив мой неподдельный интерес к куклам и всему, что с ними связано, Ольга Леонидовна предложила мне заняться исследовательской работой на тему «История кукол и её роль на воспитание».

В течении полутора лет проведена большая, кропотливая и очень увлекательная работа, с результатами которой буду рада поделиться.

Начну с этимологии слова «кукла», которое у разных народов имеет своё значение. Вот несколько из них:

а) Английское – doll (кукла) происходит – от греческого eidolon (идол) [1, с.6].

б) Три версии русского слова «кукла»: от греческого «киклос» («круг»), обозначает сверток, чурбачок, соломенный пучок; от латинского «сисulla» от древнеславянского корня «кук», означает клубок ниток, кулак [1, с.6].

в) В словарях Даля [3, с.119], Ожегова [3, с. 122] и Википедии значение слова «кукла» представлено почти одинаково – это подобие человека или животного, сделанное из какого-нибудь материала.

г) У большинства финно-угорских народов куклу называли акань, в переводе с финского и саамского языков обозначает «женщина, крестная мать» [4, с.142].

Особое место в своей работе я уделила истории возникновения куклы, её назначению и связи с народными традициями, т.к. многовековая история жизнедеятельности человека очень ярко демонстрирует, какое значение в формировании этнического самосознания и становления личности в целом имела игра, народная либо с игрушкой. Через игру воспитывались любовь и уважение к своему народу, национальной культуре, в процессе игры формировались основные навыки человека. И одним из главнейших народных достояний, поистине сакральным игровым элементом у каждого народа, была кукла. Играя с куклой, ребёнок учился проецировать свои представления о повседневной жизни взрослых, их быте и труде, учился решать спорные вопросы, справляться с трудностями. Поэтому, во все времена, роли куклы в жизни ребёнка уделялось большое внимание.

О точной дате появления куклы на Земле, ученые так и не пришли к единому мнению.

На сегодняшний день, по версии иерусалимских археологов, самыми древними куклами принято считать статуэтки, изготовленные примерно 500-230 тысяч лет тому назад. Этими находками стали Венера из Берехат-Рама— первая, найденана Голанских высотах, вторая —Венера из Тан-Тана, найдена в Марокко [6, с.10].



Рисунок 1 – Венера из Берехат-Рама



Рисунок 2 – Венера из Тан-Тана

По мнению европейских археологов самой древней куклой считается марионетка, сделанная из кости мамонта, обнаруженная на территории Чехии. По одним источникам она была изготовлена 28 тысяч лет назад, по другим 30–35 тысяч лет назад. Кукла была найдена не целой. И была собрана по осколкам. По мнению учёных данная кукла использовалась в ритуалах по исцелению и восстановлению суставов [6, с.12].



Рисунок 3 – части марионетки



Рисунок 4 – реконструкция марионетки

Одним из самых необычных экспонатов из древних игрушек принято считать куклу девочки по имени Креперейя Трифена, сделанную во II веке н. э., найденную в древнеримской гробнице в 1889 году. Фигурка куклы с пропорциональными частями тела, с подвижными ручками-ножками и лицом красавицы, была выполнена из слоновой кости [2, с.7].



Рисунок 5 – Фигурка куклы из древнеримской гробницы

Свои особенности имели и куклы древнего Египта. Чаще их находили в захоронениях египтян и это была деревянная, изображающая женщину фигурка с волосами из бусин, чаще без рук и ног. Изготовленная более 3,5 тысяч лет назад, она была призвана скрасить жизнь умершего [2, с.17].

Самая древняя кукла, найденная в гробнице египетского фараона, насчитывает 4 тысячи лет. Это шитая из грубого льна, набитая лоскутками и папирусом безликая кукла. Без лица шилась специально, чтобы в нее не вселялись злые духи [6, с.5].



Рисунок 6 – Египетская кукла без рук и ног



Рисунок 7 – Кукла Египетского фараона

Самой древней куклой Африки является акуаба. Она выполнялась из дерева и воплощала собой идеал красоты. Отцы, дарившие их своим дочерям, верили, что это принесёт им счастье [6, с.7-8].

В Японии первые куклы появились более 10 тысяч лет назад и назывались они – догу. Догу служили своеобразными посредниками между миром богов и миром людей [2, с.91].




Рисунок 8 – Африканская кукла акуаба



Рисунок 9 – Японская кукла догу

У славянских народов первые куклы появились так же давно как и у других народов, но делали их из золы. Называли таких кукол-баба. Передавали их по женской линии от бабушки к внучке и только в день свадьбы. Эта кукла служила не игрушкой, а оберегом женщины и её дома [7, с.37].



Рисунок 10 – Славянская зольная кукла

В отличие от африканских, азиатских и европейских кукол о мусульманской кукле информации практически нет. Когда-то моей маме рассказывала её бабушка, что юные мусульмане не играли с куклами, т.к. в Исламе существует четкий запрет на их изображение, и если в доме была кукла, то во время чтения молитвы, куклу либо выносили из этой комнаты, либо переворачивали лицом вниз и накрывали кёрпе. Однако известный исламский ученый Юсуф аль-Карадави в своей книге «Разрешенное и запрещенное в Исламе» по этому поводу пишет следующее: «Есть некоторые виды трехмерных фигурок, которые не предназначены для поклонения или выставления напоказ ради демонстрации богатства их владельцев.

Ислам о них знает, но не видит в них вреда. Детские игрушки (к примеру, куклы в виде людей и животных) как раз попадают в эту категорию».

Пророк Мухаммед знал о том, что дети и молодые женщины играют куклами и не возражал. Об этом свидетельствуют несколько достоверных хадисов. Хадис – это предание о словах и действиях пророка Мухаммеда, затрагивающее разнообразные религиозно-правовые стороны жизни мусульманской общины.

По мнению авторитетного ученого прошлого Аш-Шаукани, эти хадисы являются достаточным доказательством того, что детям разрешено играть в игрушки, похожие на трехмерные статуэтки. В некоторых хадисах на такие игрушки есть косвенные указания, как например: «... С тех пор мы соблюдали пост сами и повелевали поститься нашим детям. И мы делали для них игрушки из шерсти, а когда кто-нибудь из них начинал плакать, (прося) еды, мы давали ему (такую игрушку), пока не наступало время разговения». Из этого следует, что в исламе дети не были лишены возможности играть в куклы. Сегодня народную мусульманскую игрушку можно встретить во многих уголках мира.

Одной из них является таджикская кукла-оберег «Лухтак» (или лухтаки ришта), её появление на территории Таджикистана датируется VII веком н.э.. В былые столетия в семьях, которые насчитывали до 20 человек, их делали старейшины по женской линии. Основу этой куклы составляют две палочки, скрепленные в форме креста и головы. В отличие от кукол-оберегов у славянских и финно-угорских народов **обереговая сила Лухтака** предназначена только для одного человека, в связи с этим при создании куклы всегда учитывали возраст, пол и статус будущих хозяйки или хозяина куклы.



Рисунок 11 – Основа куклы Лухтак



Рисунок 12 – Куклы Лухтак

Отдельного внимания, заслуживают истории кукол народов Севера. Их множество и большая часть схожа. Я остановлюсь на ненецкой кукле «Нгухуко» или «нгуху» – в переводе с ненецкого языка значит «кукла-игрушка». Своей матерью-прародительницей ненецкие народы считали птицу, поэтому брали для изготовления кукол клюв водоплавающей птицы [4, с.143].



Рисунок13 – Кукла «Нгухуко»



Рисунок 14 – Кукла «Игухуко» девочка

Образ жизни ненцев – это «уходящая вперед дорога», постоянное движение по тундре. Это значит, что дети растут в дороге, и женщина должна уметь быстро и качественно, на месте очередной стоянки, создавать дом. И чтобы девочки с самого раннего возраста приобретали все необходимые навыки, им дарили куклу «нгухуко». А отец или старшие братья мастерили для «нгухуко» целое хозяйство, как у настоящих ненцев, где есть: миниатюрная лодка-калданка, маленькая сеть для рыбы, модель нарт, олени и упряжь. Кукольное хозяйство позволяет обучить девочек женскому труду и подготовить будущих матерей и хозяек [4, с.144].

Кукла играет ведущую роль в формировании духовно-нравственных ценностей. Для детей кукла-первый друг и путеводитель в социализации, средство психического и физического развития и его обучения. Доказано: что игрушки, в которые ребенок играет в детстве, оказывают значительное влияние и на выбор его будущей профессии. В своё время, к такому же выводу пришел германский канцлер Отто фон Бисмарк, и приказал выпустить по государственному заказу игрушечные корабли и матросов. И уже через 15 лет, каждый второй мальчишка, выросший на этих игрушках, пошёл в моряки. Это для детей. А для взрослых, которые не задумывались о воспитательной роли кукол, - это возможность компенсировать данный пробел покупкой куклы, а в идеале - сделать её своими руками вместе с ребёнком. Также куклы - отличное хобби в плане коллекционирования. В целом, куклы делают нашу жизнь добрее и ярче.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Берстенева Е. В, Догаева Н. В., «Кукольный сундучок», Белый город, 2010, с.6
- 2 Голдовский Б.П. / Ред. Журавлёв А.Ю. – Большая иллюстрированная энциклопедия «Художественные куклы». – М.: Дизайн Хаус, 2009, с. 7, с. 17
- 3 Даль В. И Большой толковый словарь русского языка. – М, 2007, с. 119
- 4 Итгарма. Югория: Энциклопедия ХМАО. В 4-х. Т.1., [Е. В. Первалова]. – Ханты-Мансийск, 2003, с.142-144
- 5 Конькова О.И., Романова Н.Е. «Водская традиционная кукла», 2013, с.46
- 6 Левина М.С. «35 игрушек со всего света.» М., Рольф, 2000, с. 5-12

7 Лотман Ю. М. «Куклы в системе культуры» // Лотман Ю. М. Избранные статьи. В 3-х т.т. Т. I. Таллин, 1992, с. 37.

8. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. – М, 1996 с.122

9 Старостин А. «Мусульманская игрушка вчера сегодня, завтра ...» (Екатеринбург) [Электронный ресурс]. – Режим доступа <http://www.islam.ru/content/obshestvo/1670> [дата обращения 28.10.2023].

10 Хашимов М. Таджикская кукла «лухтак» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.silkroadadventures.net/ru/Tajikistan/14Culture/8Culture.html> [дата обращения 19.09.2023].

ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДАМЫТАТЫН БАҒЫТ – ТЕРІ ЖӘНЕ АҒАШ ӨНДЕУ ӨНЕРІ

КАЙДАРОВА Г. С.

көркем өнер пәнінің мұғалімі, «Облыстық көпсалалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты», Павлодар қ.

МАНАРБЕК Г., ЕРБОЛАТҚЫЗЫ А.

11 сынып оқушылары Облыстық көпсалалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты», Павлодар қ.

Болашақ суретші, мүсінші, әнші, зергерлер өз істерінің әліппесін мектептен-ақ бастайды. Сондықтан мектеп – өте күрделі зертхана. Мектеп қабырғасынан әрбір оқушының алған білім мен тәрбие өзінің келешегі үшін өз қолындағы қажетті кілт сияқты. Сондықтан бүгінгі Тәуелсіз елімізде ұлттық өнеріміз қамқорлыққа өте зәру болып тұрғанда мемлекетіміз арнайы «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдауы қуанарлық жайт. Зерттеу жұмысының мақсаты: ғасырлар бойы сақталып, бізге дейін мұра болып жеткен ата-бабаларымыздың қолданбалы тері және ағаш өндеу өнер түрлерін талқылап жұмыс жасай отырып, жаңа заман талабына сай өзгерту жолын қарастыру.

Осы мақсаттарды орындаудағы міндеттеріміз ең алдымен ізденіс жұмыстар жүргізу болды, тері және ағаш өндеу өнерінің пайда болуы мен даму тарихы бойынша материалды зерделеп талдадық. Өнерлі адамдармен кездесіп және олардың тәжірибесін алдық. Тері және ағаш өндеу өнерінің технологиясымен таныстық. Былғарыдан, ағаштан бұйымдар жасадық.

Зерттеу объектісі: тері және ағаш өнері, тарихы, дамуы, заманауи қолдануы.

Зерттеудің өзектілігі: ұлттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Оны музыка мәдениетінен, би өнерінен, қол өнерінен, тұрмысынан байқаймыз. Қазақ халқының салт-дәстүрі ерекше. Қазіргі таңда осы дәстүрдің бірін білсек, бірін білмейміз. Егер біз қазақ деген атамыз өшпесін десек, өз салт-дәстүрімізді жалғастырып дамытуымыз қажет. Ол тері және ағаш өнерін жаңғырту. Қазақ, рухы мықты, ойы үшкір, жүрегі кең, батылды мінезді, қонақжайлы, батыр халық – қазақтың болуы – ағаштан жасалған киіз үйінен бастап, киген киімі, ішкен асы, төселген төсегі, барлығы халқымның білімі мен өнеріне тіреледі. Сондықтан осы тақырыпты алып іске асырып, тек қана оқып қоймай зерттеу арқылы практикалық жұмыс жасадық.

Осылай жоспар арқылы жұмысты жалғастыра берсе, тері мен ағаш өңдеу өнерінің жаңа технологиясын зерттеп, меңгеріп, дәстүрлі технологиясы мен жаңа технологиясы арқылы дәстүрлі бұйымдардың жаңа түр-түрлерін жасап көбейтіп, әрі қарай осы шеберлікке өз ұрпақтарымызды үйретіп осы өнерді жалғастыруымызға болады. Келешекте былғарыдан, ағаштан бұйымдар жасау мектеп-шеберханасын ашуды армандаймыз. Ұрпақтарымызға ата-бабаларымыздың бізге жеткен өнерін жалғастыру біздің міндетіміз. Бұл дәстүрді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру біздің қолымыздан келеді.

Қазақ халқының қолөнері ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға жалғасын тауып келе жатқан бай қазына. Тері қол өнер бұйымдарының ішінде айырбасталмайтын шикізатқа айналды. Оны саз аспаптарының ішінде қобызға, шертпеге, адырнаға, ұрма аспаптарға қолданды. Теріден ыдыс бұйымдарын жасады; торсық, кесеқап, саба т.б. Мал терісін илеудің ел арасында кең тараған көп түрлері бар. Солардың ішінде негізгі екеуіне тоқталайық. Біріншісі: ағаш күбіге немесе басқа кең ағаш ыдысқа айраның сарсуына, ашыған іркітке ұн, кебек, тұз салып ашытады да теріні соған салады. Екіншісі: терінің бетіне ұн, тұз араластырылған іркіт жағу арқылы орындалады. Бұларды иі жағып илеу дейді. Тері иелеуге қойылатын талаптары бар:

1 Теріге өң беру.

2 Теріні неғұрлым су өтпейтін етіп шыйыршықтау [1 27 – б.].

Тері бояудың ең көп тараған әдісі – ағаштың қабығына салып бояу. Бұған талдың, теректің, еменнің қабықтары қолайлы. Теріні кейде талдың, еменнің, қара мойылдың, кейде май қарағайдың қабықтарымен бояйды. Теріні қынамен де бояйды. Қына – жерге жабыса өсетін өсімдік [2 12 – б.].

Теріден жасалынатын бұйымдар туралы айтып кетсек. Жазда ұрпағына мол мұра қалдырған әйгілі жерлесіміз, ғұлама ғалым, ақын, тарихшы, әулие атамыз Машхұр Жүсіп Көпейұлына биыл 155 жыл. Машхұр Жүсіп мұражайына барып мына теріден жасалған ертоқымды қызықтап, қамшыны көрдік, және де ағаштан жасалған бұйымдарды көріп фотоға түсіріп қызықтадық. Облыстық Потанин атындағы мұражайына бірнеше рет барып көне ұлттық бұйымдармен таныстық. Көп мағлұмат алдық.

Пышақ қыны, теріден жасалатын мүліктер, бөстек-адамдардың астына төсеуге арналған жұмсақ төсеніш, мес, торсық – қымыз, шұбат, айран, іркіт сияқты сүт тағамдарын құюға арналған ыдыс. Торсық ыдысын қалай жасағанын зерттедік. Жылқының жіліншігінде санына дейін - тарамыс деп аталатын сіріні болады екен. Сол тарамысты жылқы малын сойғанда алады екен. Оны кептіріп қойып, содан кейін Тарамысты тақтайдың үстіне қойып ағаш балғамен соқса - ол шашақтана тарамдалып кетеді екен. Ол жіңішке талшықтарға айналады. Тосықты өгіз терісінен пішінің қиып алып, жартылай өндеп суға салып жібітеді. Содан кейін ішкі жағын өткір пышақпен тазалайды. Содан кейін тарамыспен екі бөлігін біріктіріп тігеді. Тігілген торсықтың ішіне құм салады толтырып, торсық томпайып, торсық қалғанша. Сол сөзден торсық деп аталған. Тарамыспен тіккен тері ыдыстарға су құып, немесе қымыз құйып ішсе, тарамыс ылғалдана келе, сұйықтық өтетін тесіктерді бекітіп, бітеп қалады, өйткені тарамыс ылғал тисе ісініп отырады. Торсыққа құйылған сұйық тағам көп уақыт бұзылмайды екен. Торсық қымыздың, айранның дәмін сақтайды екен. Ал торсықтың мүйізделген орнында қалдық қымыз, немесе айран қалады да жаңа құйылған сұйық тағамға ашытқы боп тұрады екен. Сондықтан торсықтың пішіні мүйізді болғаны да бекер емес. Торсықтардың бірнеше түрлері болады екен; шимай торсық-оюланған, оюлармен әшекейленген торсық, мүйізді торсық, жан торсық- шөлдегенде су, қымыз құйып алып жанына байлап алатын торсық. Өркеш торсық-түйенің өркешінен жасалынатын торсық, оған айран құйып сақтайды [3, 15 – б.].

Көнек-шикі теріден тігілген, бие саууға арналған шүмекті ыдыс. Көнекпен сауғанда мал мазасызданбай жақсы иіп, сүтті мол береді.

Тағы басқа көптеген бұйымдар жасалынып отырған. Тері мен ағаштың емдік қасиеттері мол және пайдалы екенін қазақ халқы білген. Мысалы, жөке (липа) ағашы қабынғанға қарсы тұрады,

шетен (рябина) ағаш авитаминоздан сақтайды, қайың (береза) ағашының қабығынан ұн, жармаларды сақтауға арналған ыдыстар жасалады. Сонымен қатар қайың қабығы бактерияларды өлтіріп, түрлі ауруларды емдейтін қасиетке ие, емен (дуб) ағашы қабынуды болдырмайды және бұл ағаштан жасалған ыдысқа шырын құйып ішсе, ол өзіндік дәмі мен иісін береді, балқарағайдан жасалған ыдысқа тағамды құятын болса, оның дәмі жоғалмай, ұзақ уақытқа сақталады, қасиетке ғана емес отбасындағы келенсіздіктерді болдырмай, үй тыныштығын сақтауға көмектесе алады екен. Қараағаш (ольха) үйдегі жамандық атаулыны қуып шығып, адамға күш-қуат береді. Жаңғақ ағашы алғырлық пен көрегенділікті сыйлайтын қасиетке ие [4, 37 – б.].

Енді тері қасиеттерін айта кетсек... Мал терісі мен жүні адамның тәніне ғана емес, жанына да шипа. Қой терісі – энергетикасы ерекше, адамның жанына жақсы әсер етеді, Мал терісінен ланолин деген фермент адам ағзасына өте пайдалы. Ланолиннің аллергияға, ісінуге және қабынуға қарсы әсері бар, жараның тез жазылуына, жасушалардың, қандай да бір дене мүшесі сынғанда буын қозғалысының қалыпқа келуіне көмектеседі. Адам буындардың сырқырауынан, шаршаудан арылады. Буынның қабынуы, бұлшықет, сегізкөз ауруларына және басқа да сырқаттарға көмегі бар. Дене температурасын бірқалыпты ұстап тұрады. Қойдың терісі мен жүнінен жасалған түрлі заттар: күйзелістен құтқарады, қан қысымын қалыпқа келтіреді, созылмалы аурулардың алдын алады, омыртқа мен буын ауруларын емдеуде де рөлі зор, гайморит, құлақтың қабынуы, лимфа бездері ауруларына ем, сәби күтіміне де қолданған [5, 696 – б.].

Практикалық бөлімінде: Әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Қазіргі уақытта тері және ағаш өңдеу техникасын қанша адам білетінін білу үшін келесі сұрақ қойылды: – **Сіз тері және ағаш өңдеуді, былғарыдан бұйым жасауды білесіз бе?**

Сұхбаттасқан 50 ересек адамның біреуі ғана оң жауап берді, 80 оқушының барлығы теріс жауап берді. Екінші сұрақтың мақсаты – шығармашылықтың бұл түрінің қаншалықты кең таралғанын анықтау: **«Сіз тері өңдеу, ағаш өңдеу өнерімен айналысатын адамдарды білесіз бе?»** – Адамдардың жалпы санының 6 %-ы оң жауап берді. Рас, ересектердің көпшілігі бұл адамдар өте аз екенін мойындады. Үшінші сұрақ арқылы тері өңдеу техникасында жасалған бұйымдарға сұранысты нақтылады. Адамдардың 70 %-ы **«Ұлттық тері өңдеу технологиясымен жасалған өнімдерді алғыңыз**

келе ме?» Адамдардың 100 %-ы оң жауап берді. **Төртінші сұрақ біздің тұрғындар арасында қандай өнімдер сұранысқа ие екені анықталды**, олар: суреттер, тұрмыстық заттар, сөмкелер, партмоне, әшекей бұйымдары, суреттер, паннолар, т.б. сияқты бұйымдар. **Осы сұрақтар арқылы біз қазіргі жастардың біздің халықтың дәстүрлі өнері туралы, ұлттық ыдыстарымыз туралы аз білетінін білдік және табиғи материалдан жасалған бұйымдарға сұраныстары бар екені қуантты.**

Павлодар облысының қолөнерші адамдармен кездесіп, сұхбат алып, тәжірибесін алдық. Тері өңдеу өнерімен айналысып жүрген адамдардың бірі – Сартай Қайдарұлы. Қазақ ұлттық музыкалық аспап-домбыра жасау шебері. Домбыраны жасау технологиясымен таныстырды. Мындай музыкалық аспаптарды әртүрлі ағаштардан жасай бермейді екен. Домбыраны жасайтын ағаштар болады екен. Ағаштардың ішіндегі ең шешені, ең сөйлегіші деп қарағайды таниды екен. Қарағайдан музыка аспаптарын шауып жасайды. Әсіресе, қарағай домбыраны қоңыр, күңіренген үні нағыз ежелгі аспапты жаңғыртқандай болады. Сартай Қайдарұлы қамшы өру өнерімен таныстырып үйретті. Қолөнершінің қолынан шыққан дүниелер аз емес. Тобылғы сапты қамшыны жасауды үйрендік. Бір қуантары – бұл бұйымдардың бәрі ежелгі әдіспен яғни дәстүрлі технологиясымен жасалыпты. Әр өрімнің өзіндік құпиялары бар. Барлық өрімдердің негізін үш өрімнен байқауға болады. Бұл өрім өте кең қолданылады. Өрілген қамшы сабын мүмкіндігінше тобылғыдан таңдаған дұрыс. Тобылғы өте мықты, қабығы түспейтін өсімдік. Сөйтіп қамшының өрімі шебердің талғамына қарай, тобылғыға бекітіліп әшекейленеді. Қамшыны өруді үйреніп жасадық.

Ағаштан жасалған диірменді көріп тамашаладық. Диірменді ертеде тастардан да жасаған. Біз ағаштан жасалған диірменді көріп зерттедік. Диірменге, екі бөлігінің астына шойын тістерін қағады. Бұл тістер бидайды ұнтақтайды. Еліміздің, кең даламыздың мелладарға бай. Халқымыз осындай керемет бұйымдарын осы металлдарды қолданған. Осы диірменмен жасалған талқанынан дәм таттық.

Ал өзіміз қазіргі заманда интерьерді әшекейлеу үшін былғарыдан панно жасадық. Көптеген бұйымдарды үйреніп жасаудамыз.

Қазақ халқының өнер саласындағы тәлім-тәрбиесі, мақал-мәтелдері шеберлікке, ұстамдылыққа, жігерлікке қолдау беріп

әсерін тигізіп отырған. Халқымыздың ұлы ойшылы, дана-ақын Абай атамыз:

«Демендер өнбес іске жұбаналық,
Ақыл тапсақ, мал тапсақ қуаналық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,

Ең болмаса еңбекпен мал табалық», – дегендей қазіргі нарықтық экономикаға байланысты өнімді еңбекті жандандырып, ұлтымыздың баға жетпес қазыналарын жасап, әлем елдеріне, елімізге келген шет елдіктерге көрсетіп, біздің өзіндік өнеріміз бен дәстүр-салтымыздың қалыптасқандығын мақтанышпен айтатын кезіміз келді [6].

Біз осындай өнерді бағалаған елдің ұрпағы екендігімізді мақтан тұтуымыз қажет. Тері өңдеу өнерімізді жаңғыртып, қазіргі заманауи жаңа технологияларды қосып жұмыс жасауымды керек.

Егеменді елімізді бүкіл әлем мойындаған мына дәуірде, еліміздің келешегі жас жеткіншектерді туған елі мен ұлтын сүйетін, оның салт-дәстүрін құрметтейтін, бабалардан жеткен баға жетпес ғажап өнерімізді жаңғыртып келешекке алып баратын Отанының нағыз патриоты болуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан кәсіпкері – профессионал. Казахстан научно-методический журнал №1 (20) январь 2009 г. – Астана. – 27 б.

Қазіргі ғылымда икемді дағдылар субъектіге жеке маңызды мақсаттарға жету үшін қажет әмбебап құзыреттіліктер аясында қарастырылады. Бұл жағдайда икемді дағдылар танымдық емес дағдылар тобына жатады, солардың бірі soft skills (икемді дағдылар) hard skills-ті (арнайы кәсіби дағдылар) толықтырады деген болжам жасалуда. Икемді дағдылар басқа адамдармен тиімді және үйлесімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін әмбебап кәсіби емес дағдылар жиынтығы ретінде қарастырылады. Икемді дағдылар жасөспірімдердің жеке әлеуетін ескере отырып, оқу және оқудан тыс әрекетінің кәсіби және кәсіби емес салаларында тұлғааралық өзара әрекеттесуді орнатуда табысты болуына мүмкіндік беретін қабілеттер ретінде анықталады. Сондай-ақ, икемді дағдыларды саналы әрекеттің автоматтандырылған элементтері ретінде анықтауға болады, олар оны орындау барысында қалыптасады және мотор, сенсорлық, когнитивті немесе психикалық мәселенің бір немесе басқа түрін шешудің үйлестірілген қабілетін білдіреді.

Адамның кәсіби және өмірлік өзін-өзі тануының әлеуетті алғышарттары бүгінде hard skills (кәсіби білім, дағдылар) емес, ең алдымен soft skills немесе кәсіби қызметтің ерекшелігіне және оны іске асыру бағытына қарамастан табысты қамтамасыз ететін «икемді» дағдылар болып табылады. Осы себепті қазіргі зерттеушілер «икемді дағдылар» ұғымын қабылдау, ғылыми қызығушылықтар арқылы қарастыруға тырысады. Бұл бүгінгі күні «икемді дағдылар» терминінің жалпы қабылданған және бір мағыналы түсіндірмесінің жоқтығын түсіндіреді. Әртүрлі зерттеулердің теориялық талдауы басқа адамдармен тиімді және үйлесімді қарым-қатынас жасау және кәсіби және жеке әл-ауқат үшін қажетті икемді дағдылардың бірыңғай психологиялық сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Жасөспірім шақта кездесетін психологиялық дағдарыстар және тұлғалық ерекшеліктер жасөспірімдер өмірінде едәуір қиындықтар әкелуі мүмкін, өйткені бұл кезеңде «Мен-тұжырымдамасы» айтарлықтай қалыптасатыны сөзсіз. Атап айтар болсақ, ата-

анасымен, құрбыларымен, сыныптастарымен, мұғалімдер қарым-қатынас барысында көптеген келіспеушіліктер туындайды. Осы жағдайда оларға эмоциясын басқара білу, тиімді қарым-қатынас жасай білу, эмпатиясын дамыту, уақытты басқара білу, сыни ойлау қабілеттері қажет екені сөзсіз. Ал, осы дағдылардың жиынтығы ретінде икемді дағдыларды қарастыруға болады.

«Икемді дағдылар» – салыстырмалы түрде жаңа термин (бұл дағдылар жұмсақ немесе өтпелі деп те аталады). Бітірушінің біліктілігі мен кәсіби құзыреттеріне тікелей қатысы бар «қатты дағдылардан» айырмашылығы, әмбебап, мамандандырылған емес және көбінесе жеке қасиеттері мен әлеуметтік дағдыларымен байланысты [1].

Икемді дағдылар – бұл белгілі бір техникалық білімге жатпайтын, бірақ кез-келген кәсіпте жетістікке жету үшін маңызды дағдылар жиынтығы. Оларға коммуникация, уақытты басқару, мәселелерді шешу, бейімделу, шығармашылық, топтық жұмыс және т.б. сияқты дағдылар кіреді.

«Икемді дағдылар» термині өте жаңа. Ол 90-шы жылдардың соңында ғана пайда болды, дегенмен «икемді» дағдыларды зерттеу Америкада XX ғасырдың 60-жылдарында басталды. Бүгінгі таңда әлемдік үрдістерге байланысты кәсіби сала да сапалы деңгейде өзгерістер орын алуда. Жұмыс берушілер мамандардан олардың тез өзгеретін жағдайларға бейімделуіне және кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға көмектесетін жақсы дамыған икемді дағдыларды талап етеді. Т. А. Яркова, И. И. Черкасова бұл дағдылар маңызды білім беру нәтижесі болып табылатынына басты назар аударады, сондықтан олардың білім беру процесі шеңберінде мақсатты дамуын ұйымдастыру қажет деп тұжырымдайды. Д. Татаурщиковаң пікірінше, маман мансаптық сатымен көтерілген сайын, икемді дағдыларды көп мөлшерде өз қызметінде пайдалана бастайды және кәсіби дағдылар – бұрынғыдай маңызды болмайды [2].

А. Г. Нагорная атап өткендей, икемді дағдыларға жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуына, мансаптық дамуына, еңбек нарығының қазіргі жағдайында өзін-өзі жүзеге асыруға әсер ететін әртүрлі міндеттерді шешуге және басқа адамдармен жұмыс істеуге көмектесетін дағдыларды жатқызуға болады [3].

Л. Липпам, Р. Райберг, Р. Карней, шетел авторлардың айтуы бойынша педагогикалық шеберлігі – көп көлемді жеке тұлғаның компоненттерінің жиынтығы, яғни адамдарға олардың ортасында тиімді бағдарлауға, басқалармен жұмыс істеуге, өз жұмысын тиімді

орындауға, сондай-ақ өз мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін дағды ретінде, құзыреттіліктің, мінез-құлықтың жеке қасиеттердің кең жиынтығы [4].

Л. К. Сальная тұлғаның басқа компоненттерін қолдана отырып, осы тұжырымдамаға келесі анықтама береді: «маманға кәсіби жетістікке жетуге мүмкіндік беретін белгілі бір жеке қасиеттердің, эмоционалды интеллекттің, коммуникативті құзыреттіліктің үйлесімі» [5].

Жасөспірім кезінен бастап балалар өздерінің болашақ мамандықтары туралы ойлана бастайды. Олардың кейбіреулері hard skills болашақ жұмысқа байланысты дағдыларды күшейтеді. Осы кезеңде мамандықты сәтті таңдау стратегиясы икемді дағдыларды дамыту бойынша одан әрі жұмыс болып қала береді. Өз ісінде кәсіпқой болу үшін көп білімді игеру керек. Жақсы есте сақтау, логика және тапқырлық болмаса, бұл мүмкін емес.

Жаңа технологиялардың дамуы қызметкерлерге қойылатын жаңа талаптарды, күтпеген және қиын жағдайларда дұрыс ойлау және әрекет ету, сондай-ақ жасанды интеллектті басқару қабілетін білдіреді. Бірде-бір маман өз ойларын басқаларға жеткізе алмаса, бағыныштылардың жұмысын ұйымдастыра алмаса және өз жұмысын ұйымдастыра алмаса, зейінін шоғырландыра алмаса және ең бастысы екінші деңгейден бөле алмаса, сәтті болмайды. Жақсы дамыған икемді дағдылар адамға өмірдің барлық салаларында тиімді болуға көмектеседі. Келіссөздер жүргізу дағдылары бізге клиенттермен немесе серіктестермен қарым-қатынас жасау үшін ғана емес, мысалы, күнделікті өмірдегі шекараларымызды белгілеу үшін қажет [6].

Икемді дағдылар-бұл болашақта қандай мамандық таңдағанына қарамастан, баланың табысты болуына көмектесетін әмбебап дағдылар. Бұл баланың болашағы мен оның оқу мен жұмыстан бастап жеке қарым-қатынасқа дейінгі барлық тиімділігіне негізделген негіз. Оларға стандартты емес ойлау, қарым-қатынас жасау, уақытты және басқа дағдыларды сауатты бөлу қабілеті жатады. Бүгінгі таңда ата – аналар ең бастысы-баланың өмірлік маңызды дағдыларын қалыптастыру арқылы оны ересек өмірге дайындау екенін түсінеді.

Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесі әлі күнге дейін баланы нақты білімге үйретуге бағытталған. Ересек жаста бұл білім әрдайым қолданыла бермейді. Нақты өмірде олар жеткіліксіз. Өмірдің негізгі дағдыларының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

коммуникативті дағды, сыни ойлау, командада жұмыс істеу қабілеті, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі ұйымдастыру дағдысы.

Зерттеу Павлодар қаласының Абай атындағы гимназиясының 7 сынып оқушыларына жүргізілді. Экспериментке 7 «А» (эксперименталды топ) мен 7 «Б» (бақылау топ) сынып оқушылары қатысты. Эксперименталды тобында 23 оқушы және бақылау тобында 24 оқушы.

Эксперименттік жұмыс үш кезеңде жүргізілді:

1 Жасөспірімдерде икемді дағдыларды дамытудың бастапқы диагностикасы жүргізілген анықтау кезеңі.

2 Қалыптастырушы эксперимент. Эксперименттік топта жасөспірімдерді дамытуға арналған арнайы жаттығулар.

3 Жасөспірімдердің икемді дағдыларын дамытуды қайта диагностикалау жүргізілген бақылау кезеңі.

Оқушылардың икемді дағдыларын дамыту диагностикасы келесі әдістемелер бойынша жүргізілді:

1 Ряховский тесті. Тест адамның қарым-қатынас деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. 16 сұрақтан тұрады. Алынған ұпайлар жинақталады және жіктеуіш бойынша субъектілердің жеті санаттың қайсысына жататыны анықталады.

2 Көшбасшылық қабілеттерін анықтауға арналған Жарикова Е. және Крушельницкийдің Е. сауалнамасы. Бұл әдістеде субъект 50 сұраққа жауап береді және оның осы сұрақтарға берген жауаптары бойынша оның көшбасшыға қажетті жеке психологиялық қасиеттері бар-жоғы туралы қорытынды жасалады.

«Жасөспірім шақтағы балалардың икемді дағдыларын дамыту» тақырыбы қазіргі қоғамда өте өзекті және маңызды екендігін байқаймыз.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау, жасөспірімдерде икемді дағдыларды қалыптастырудың тренингтік бағдарламасын сынақтан өткізу бойынша эксперименттік жұмыс нәтижесінде келесі қорытындылар жасалады:

Икемді дағдыларға жаңа жағдайларға бейімделу, әртүрлі тапсырмалар арасында жылдам ауысу, қоршаған ортадағы өзгерістерге икемді және тиімді жауап беру және шешімдер қабылдауға мүмкіндігі кіреді.

Зерттеу барысында икемді дағдыларды дамыту жасөспірімдердің табысты болуына жәрдемсетіні болып табылатыны анықталды. Осылайша, зерттеу жасөспірімдердің жеке тұлғаны сәтті дамыту үшін икемді дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығын

анықтауға және білім беру іс-әрекеті процесінде оларды дамытудың практикалық тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері біз әзірлеген жасөспірімдердің икемді дағдыларын дамыту бағдарламасының тиімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Себебі, айқындаушы және бақылаушы эксперименттерінің деректерін салыстырмалы талдау жасөспірімдердің икемді дағдыларын дамыту бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесінде эксперименттік топтағы барлық үш әдістедегі оң өзгерістерді көрсетті деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, жұмысымызда қойылған мақсат пен міндеттер шешілді, болжам дәлелденді деп айтуға болады. Сонымен қатар, бұл зерттеуді жасөспірімдердің икемді дағдыларын дамыту бағытын зерделеуде бір үлес ретінде қарастырған жөн.

Алынған нәтижелер тәрбиешілер, психологтар және жасөспірімдермен жұмыс істейтін басқа мамандар үшін практикалық маңызы бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ж. А. Жусупова. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. Алматы, 2011.

2 И. И. Черкасова, Т. А. Яркова. Педагогика высшей школы: учебное пособие для аспирантов / Авт.-сост. – Тобольск: ТГСПА имени Д. И. Менделеева, 2012. – 171 с.

3 Л. К. Раицкая, Е. В. Тихонова. Обзор как перспективный вид научной публикации, его типы и характеристики. Научный редактор и издатель, 4 (3–4), (2019). С. 131–139.

4 М. А. Абушаев. Лидерские качества педагога в структуре индивидуального стиля педагогического общения. Екатеринбург, 2017. – 120 б.

5 Л. К. Сальная. Обучение профессионально ориентированному иноязычному общению / Под ред. И. А. Цатуровой. – Таганрог: Изд-во ТТИ ЮФУ, 2009.

6 Н. А. Котелевцев. Воспитательные возможности развивающей социальной среды в контексте развития soft-skills / Н. А. Котелевцев. – Текст: непосредственный // Развитие субъектов образовательного процесса в современных условиях: Материалы Международной научно-практической конференции. Памяти профессора И. Ф. Бережной посвящается, 17 сентября 2020 года / под общей

редакцией Л. А. Кунаковской, О. Б. Мазкиной, С. В. Поповой. – Воронеж : Воронежский государственный университет, 2020. – С. 129-132. – ISBN 978-5-9273-3092-8.

БАЛАЛАРДЫҢ СОЛАҚАЙЛЫҒЫН ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ЗЕРТТЕУ

ОМАРОВА А. У.

мұғалім, «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі, Павлодар қ.

АУЕЗОВА Ж. Р.

6-сынып оқушысы, «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі,

Адам жан дүниесінің қилы-қилы қыр сыры мен тіршілік әрекеті зерттейтін психология ғылымы – бірден-бір жетекші ғылым психология болғандықтан, оның қарастырар мәселелері қашан да маңызды.

Психология сферасы өте кең және қызықты бүгінгі таңда да көптеген шешілмеген сұрақтар, жасырын феномендер және де түсініксіз құбылыстарға толы. Солақайлық – баланың оқу мен тәрбие үрдісінде ерекше ескеретін маңызды және бас ерекшелігінің бірі. Ол ауруда, кемістікте емес. Солақайлық мидың жарты шарларының негізгі қызметінің арасындағы бөлісу ерекшелігіне байланысты болып келеді. Солақайлардың ми қызметінің өзіндік ерекшелігі бар.

Солақай – баланың оқу мен тәрбие үрдісінде ерекше ескеретін маңызды жеке бас ерекшелігінің бірі. Ол ауруда, кемістікте емес. Солақайлық мидың жарты шарларының негізгі қызметінің арасындағы бөлісу ерекшелігіне байланысты болып келеді. Солақайлардың ми қызметінің өзіндік ерекшелігі бар [1].

Кіші мектеп жасындағы балалардың солақайлығының психологиялық диагностикалау.

Солақай балалардың оқу іс-әрекетіндегі оң қолды балалармен салыстырғандағы айырмашылығы, ерекшелігі бар болғанын анықтау әдістемелері балалардың қабілеттеріне жасалған ұзақ уақыт бойғы бақылаулардың нәтижесін растай түсу үшін, сондай-ақ күшті және әлсіз психологиялық сапаларын дәлірек анықтаумен қажетті психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру үшін қажет. Солақай балалардың оқу іс-әрекетіндегі әсер етуінің анықтауда кең ауқымды түрлі әдістер қолданылады:

- арнайы психологиялық сұрақнама, әдістемелер;
- баланың іс-әрекетін мұғалімдер, ата-аналар, психологтар тарапынан экспертті бағалау;
- балалардың шығармашылық жұмысының нақты нәтижелерін мамандар тарапынан сараптау;
- түрлі танымдық әрі пәндік олимпиадалар, конференциялар, спорт жарыстарын, шығармашылық байқаулар, фестивальдар және т.б. ұйымдастыру;
- белгілі дарын түрін талдау міндеттеріне байланысты түрлі әдістерді пайдалана отырып, психодиагностикалық зерттеу жүргізу.

Ақыл-ой дарындылығы едәуір басым оқушыларды ойлауды бағалау диагностикасын жүргізу арқылы анықтауға болады. Диагностика арқылы оқушының ақыл-ой дамуы, танымдық әрекетіндегі тұлғалық ерекшеліктері толық мағлұмат алуға болады.

«Бейнелі ойлауды» анықтайтын әдістеме.

Зерттеуді жүргізу үшін 4 сурет бейнеленген 5 түрлі карточкалар қажет; секундомер және жауаптарды белгілейтін протокол керек.

Зерттеуді жүргізу индивидуалды түрде өтеді. Зерттеуді бастамас бұрын сенімді қарым-қатынас орнату қажет. Нұсқауы бойынша көрсетілген карточкадағы 3 зат жалпы бір қасиетті бейнелейді, оларды бір топқа, бір атпен атауға болады, ал қалған біреуі олардан ерекшелінеді және ол сызылып тасталу керек. Зерттеуші уақытты белгілеп протоколға тіркеп отырады.

Үшінші әдістеме жоғарыда көрсетілген құрылым бойынша жүзеге асады. Онда біз баланың оқуға бағытталған мотивациясын анықтаймыз. Негізінен екі әдістеме жүргіздік.

Біріншісі – «Білім алуға бағытталу» әдістемесі.

Бұл методика негізінен тесттік сұрақтамалар жиынтығынан құралады.

Екіншісі – «Баға алуға бағытталуы» әдістемесі.

Бұл методиканы С. П. Ильин және Н. А. Курдюкова ұсынған. Негізінен сұрақтар беріліп оған «иә», «жоқ» деген жауап қойылады.

Төртінші әдістеме «Оқу іс-әрекетінің ерекшеліктерін анықтауға арналған сұрақтама». Бұл сұрақтаманың мақсаты – Солақайлықтың оқу іс-әрекетіне әсерін анықтау.

Негізінен бұл сұрақтама мұғалімге қойылатын арнайы сұрақтардан тұрады. Бұл жерде мұғалімнің солақай оқушының оқу іс-әрекетіндей ерекшеліктерін, оның оң қолды балалармен салыстырғандағы айырмашылығы жайлы айтылады. Және де оқу

сұрақтамада мұғалімнің солақай балалардың оқу іс-әрекеті кезіндегі ерекше көріністері, қиыншылықтары туралы пікірін білдіреді.

Зерттеу мәліметтерін сандық және сапалық талдау жасау

Ақпаратты қабылдаудың басым модальділігін анықтауға байланысты жүргізілген әдістеме нәтижелерінің пайыздық қорындысы.

Солақайлар:

1) 100% ≠ 15

$x = 5$

$$x = \frac{100 \cdot 5}{15} \approx 33,3\% \text{ – визуалдар}$$

2) 100% ≠ 15

$x = 7$

$$x = \frac{100 \cdot 7}{15} \approx 46,6\% \text{ – аудилдар}$$

3) 100% ≠ 15

$x = 3$

$$x = \frac{100 \cdot 3}{15} \approx 20\% \text{ – кинестетиктер}$$

Онақайлар

1) 100% ≠ 15

$x = 4$

$$x = \frac{100 \cdot 4}{15} \approx 26,5\% \text{ – визуалдар}$$

2) 100% ≠ 15

$x = 6$

$$x = \frac{100 \cdot 6}{15} \approx 40\% \text{ – аудилдар}$$


3) 100% ≠ 15

$x = 5$

$$x = \frac{100 \cdot 5}{15} \approx 33,3\% \text{ – кинестетиктер}$$


Кесте 1 – Солақайлар мен оңақайларда кездесетін қабылдау типтерінің пайыздық көрсеткіштері.

| № | Солақайлар | Оңақайлар |
|------------|------------|-----------|
| Визуал | 33,3% | 26,5% |
| Аудил | 46,6% | 40% |
| Кинестетик | 20% | 33,3% |



Сурет 2 – Солақай мен оңақайлардың басым модальділігінің көрсеткіші

Яғни, солақай балалар мен оң қолды балаларда информацияны өңдеуді қамтамасыз ететін ойлаудың бір түрі, бейнелі ойлау бойынша статистикалық мәнді айырмашылық бар екені көрінеді.



Сурет 2 – Солақайлардағы ойлау түрінің ерекшелігін көрсету

Сонымен, біз оң және сол қолды балаларда ойлаудың екі түрі бойынша статистикалық мәнді айырмашылық бар екенін дәлелдедік. Бірақ бізг ойлаудың оқу іс-әрекетіне әсерін түсіну үшін басым түрін анықтау керек. Ол үшін біз Розенбаум критеріін қолданамыз.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде, оқу-тәрбие жұмысының жаңару заманында білім беру саласының әр сатысында шешуін күткен келесі мәселелер тұр. Атап айтқанда, ол балалардың жеке басын дамыту, психикалық дамуын, даралық ерекшеліктерін, ішкі потенциалдарын анықтап, жан-жақты зерттеу негізінде оқу-тәрбие жұмысының балалардың жақын арадағы даму аймағын бағыттау.

Дегенмен, баланың мектептегі оқу іс-әрекетін зерттеп, оның мектеп табалдырығына аттағанынан бастап кездесетін қиыншылықтарын болжап, зерттеу нысанынан тыс қалып қоятын бір мәселе бар.

Ол ұзақ уақыттар бойы педагогика саласында «келеңсіз», «қайта үйретуге тиіс», «икемсіз», «дарынсыз», «қабілетсіз» деген атпен белгілі болған солақайлық мәселесі. Бұл мәселе көпшілік балада кездеспесе де, ішінара жекелеген балада байқалатын өзіндік ерекшелік. Бүкіл оқу іс-әрекетінде қоятын талабы, оқу құрал-жабдықтары, сабақтың гигиеналық, психологиялық талабы тек оң қолды баланың жағдайына сәйкестендіріліп құрылғандықтан, мектептік өмірдің алғашқы кезінде солақай балада қиындық туғызып, бейімделу үрдісі өте баяу, тіпті оқуға қызығушылығыда төмендеп, эмоциялық жағынан мазасыздану байқалады. Сондықтан баланың мектеп кезінде сирек кездесетін болса да, солақайлық

мәселесі назардан тыс қалмауы керек. Олардың бастауыш сынып кезіндегі кездесетін ерекшеліктерін ескеріп жұмыс істеу керек.

Біздің ойымызша, осы бастауыш сыныптағы солақай қолды балалардың ерекшеліктерін ескере отырып дамыту жұмыстарымен айналысу кеңрек, яғни осыған байланысты жұміс жүргізудің маңызы зор.

Біз өз жұмысымызды солақайлықтың оқу іс-әрекетін зерттеуге бағыттадық. Біз өз зерттеуіміздің барысында әдістемелер жүргіздік. Сол арқылы солақайлардың оқу іс-әрекетіндегі ерекшеліктері бар деген қорытындыға келдік.

Қорыта келгенде, зерттеудің мақсаты мен міндетін жүзеге асыру барысында әдістемелер арқылы жүргізілген зерттеуде болжам толығымен расталып, бітіру жұмысы өз мақсатына жетті деп айтуға болады.

Біздің ойымызша, бастауыш сыныптағы солақай балалармен жеке түрде жұмыс істесе:

1 Олар жоғарғы сыныпқа барғанда оқу үлгерімі онақай балалармен тең түрде болады.

2 Оқу іс-әрекеті кезінде байқалған қиыншылықтармен жұмыс істесе, нәтижесінде үлкен табыстарға жетеді.

Адам жан дүниесінің қилы-қилы қыр сыры мен тіршілік әрекеті зерттейтін психология ғылымы – бірден-бір жетекші ғылым психология болғандықтан, оның қарастырар мәселелері қашан да маңызды.

Солақай – баланың оқу мен тәрбие үрдісінде ерекше ескеретін маңызды жеке бас ерекшелігінің бірі. Ол ауруда, кемістікте емес. Солақайлық мидың жарты шарларының негізгі қызметінің арасындағы бөлісу ерекшелігіне байланысты болып келеді. Солақайлардың ми қызметінің өзіндік ерекшелігі бар.

Осылайша, балалармен жұмыстың теориялық және практикалық аспектілері қазақстандық ғалымдардың жұмыстарында елеулі орын алды. Дегенмен зерттеліп отырған тақырыбымыз толық зерттеленбеген. Солақай баланы қайта үйрету мәселесі әрбір нақты жағдайға ағзаның физиологиялық және психологиялық ерешеліктерін, баланың әлеуметтік – бейімделуші қабілеттерін ескере отырып, қатаң түрде дербес шешілуі тиіс. Сонымен, біз солақайлықтың психологиялық негізінің теориялық мәселелерінің түсінігін ашып, алғашқы міндетімізді шештік.

Екінші міндетімізді, яғни солақайлықтың оқу әрекетіндегі қиындықтар мәселелерін зерттеп, солақайлықтың пайда болуының

негізгі себебі туралы нақты пікір жоқ. Кейбір зертеушілер генетикалық яғни тұқым қулауға негізделеді деп тұжырымдаса, кейбір зерттеушілер, солақайлық бала организмнің дамуының алғашқы кезеңіндегі сол жақ жарты шаралардың зақымдалуынан деген тұжырым жасады.

Солақай балалардың оқу іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін қарастырғанда, оқу іс-әрекеті құрамына екі жүйе немесе іс-әрекет енетін құрамдық іс-әрекет болып табылады. Біріншісі жүйе ретінде немесе оқудың іс-әрекеті ретінде қарастырылуы мүмкін оның негізгі функционалдық бөлшегі болып табылады. Оқу іс-әрекетінің дайындық функционалдық бөлшектері басқа жүйеге-оқыту іс-әрекетіне біріктіріледі. Психологиялық талдау іс-әрекетті күрделі, көп өлшемді және көп деңгейлі, динамикалық дамушы құбылыс ретінде қарастыруды ұсынды. Әртүрлі концепциялар іс-әрекеттің жекелеген аспектілерін (жақтарын) қарастырды; екіншісі – іс-әрекеттің мотивациялық аспектісін зерттеуді негіз етті; үшіншісі – іс-әрекеттің реттеуші механизмдері қарастырды. Бұл көзқарастардың бәрі құнды ғылыми нәтиже берді. Алайда, олардың біреуі де жалпылама бола алмады.

Жүргізілген әдістемелер арқылы келесі нәтиже шықты:

1 Ақпаратты өңдеу кезінде солақайлар мен оңақайлар арасында айырмашылықтар бар және ол статистикалық мәнділіктің жоғарғы деңгейіне сәйкес келеді.

2 Ақпаратты қабылдауда модальділігі бойынша мәнді айырмашылық байқалған жоқ.

3 Солақай балаларда бейнелі ойлау басым болып шықты.

4 Оң қолды балаларда вербалды ойлау басым шықты.

5 Оқу мотивациясы бойынша мәнді айырмашылық бар.

6 Солақай балаларда білім алуға байланысты мотивацияның басым болуы.

Сонымен, барлық міндеттер шешілді және біз жұмыстың мақсатына жеттік, яғни бастауыш сыныптағы солақайлықтың оқу іс-әрекетіндегі стилі ерекше, өзгеше екенін анықтадық. Негізгі болжамымыз дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Спингер С. Левый мозг, правый мозг. Асимметрия мозга. М. 1998. – Б. 17–81

2 Хомская Е. Д. Нейропсихология индивидуальных различий. Российское педагогическое агентство. М. 1997. – Б. 23–33

3 Римская Р. Практическая психология в тестах. М., 1999. – Б. 14-27 б.

4 Выявление леворукости и психология леворуких детей (методологические рекомендации) МЗ/1985. – Б. 21–27

5 Бланки В. Л. Механизм парного мозга. Л. 1989.

6 Буева Л. П. Человек: деятельность и общение. Минск, 1978.

7 Сатова А. К. Становление психологической науки и психологического образования в Казахстане. Вестник АГУ им. Абая №1. (1) – С. 37–41

8 Акажанова А. Т. Становление и развитие возрастной и педагогической психологии в Казахстане: Автореф. дис. канд. психол. наук. – Алма-Ата, 1989. – 23 с.

9 Бодалев А. А. Психология общения//Избранные психологические труды. М. – Воронеж. 1996.

10 Безруких М. Леворукий ребенок в школе и дома. – Б.10-19

ӨЛКЕМІЗДІҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАСИЕТІ.

БЕКМҰХАМБЕТ С.

5 сынып оқушысы, Көктобе ЖООМ Май ауданы

АХМЕТОВА Б.Б.

жетекшісі, тарих пән мұғалімі, Көктобе ЖООМ Май ауданы

... Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ қоғамын қалай құрудың тұжырымдамасын жасап кеткен адам. Алдымен адамның жан дүниесі таза болумен байланыстырған. Адам жаны әрдайым тазаруға және кемелденуге зәру. Сондықтан жаны, ойы, көңілі, сабырлы болу үшін киелі орындарға барып рухани тазарған. «Тазарғың келсе – киелі орындарға бар» деген бабам қазақ [1].

Май елінде яғни туған өлкемде осындай киелі орындармен сіздерді таныстырамын және қазақ халқы арасында ерте кезде шипагерлік қызмет атқарған адамдарды емші деп атады. Ендеше өлкемдегі атақты емші, бақсы, тәуіп, би, батыр жерленген орындармен таныс болыңыздар.

Сонымен қатар киелі орындармен байланысты халқымыздың наным – сенімдері қатар жүрген «психология» бағыты да өте терең және адамның мінез – құлқысына да маңызы өте зор екенін зерттеу барысында анықтадық.

Халқымыздың тарихынан елеулі орын алатын қасиетті орындарын баршалық және ұлттық ұстаным деңгейіне жоғарлап

келеді. Қазақ халқының ұлттық санасының ерекшелігі – туып-өскен жері, өнген ортасын кие тұтып, оның қадір – қасиетін бағалауымен күнды.

Туған жер мен елдің халық санасына сіңген рухани құндылығының ұлттық қалыптасуында, дамуында айрықша рөлі бар. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар [2].

«Сенім» сөзі әрқашан Құдайға қатысты емес. Көбіне адамның өзіне деген сенімі. Ұзақ уақыт бойы ауырған адам дәрігерлердің болжамына емес, өзіне сенді адамның өз денсаулығына қалай қарау керектігін өзгерту ойларды, рухани қуаттарды жинап, проблемаңызды шешуге кірісу мүмкіндігі киелі жерлерді не етеді? Сенім ұялатады, үміт береді, көпті күйзелістен, тіпті өлімнен құтқарады. Киелі жерлерге барғаннан кейін адамда кәдімгі плацебо әсері пайда болады, яғни дененің ішкі күштері белсендіріледі.

Әр киелі жердің басқалардан бөлек өзіндік тарихы бар. Біз өз бойымызда сенім мен қасиеттіге құрмет рухын тәрбиелеуіміз керек. Адамдар рухани азыққа тартылады. Қасиетті орындарда жан дүниесі күйбең тіршіліктің ауыр жүгін тастап, жан дүниеге ерекше тыныштық пен тыныштық орнайтын жаңа, мейірімді атмосфераға тап болғаныңызды бірден сезінесіз. Ішкі әулие ағартушылық деп бекер айтпаған.

Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен батырлар, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор орындарда баршалық. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасиетті орындар мен қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары да орын алады[3].

Ұлттық байырғы құндылықтарымызды осы нысандар арқылы қайта түлету, нақтырақ айтқанда рухты жаңғыртып, халықты рухтандыратын осы қасиетті мекендер деп санаймыз. Мысалы, қазақ

батырларын алайық, бұлардың ерлік істері ұлт рухын жаңғыртудың бірден – бір тетігі. Өйкені біздің бүгінгі таңда жаңғыртып отырғанымыздың өзі – осы батырлық.

Павлодар облысының Май ауданында қасиетті жерлерін таныстыру мақсатында, өлкенің қасиетті орындар арқылы тарихты жүйелі түрде біледі, еліміздің біртұтас тарихын білу ұлттық бірегейлікке жетелейді.

Қазақта назардан тыс қалмаған елеулі орындарды киелі, қастерлі, қасиетті, әулиелі деген бірнеше атпен атайды. Бүгін біз жобамызға енген барлық нысанды киелі деп атауға болады. Себебі біз үшін маңызды құнды.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрінің бірі – Әулие аралау – киелі жерлерге зиярат ету. Адамдар көптеген себептермен әулиелерге жүгінеді: біреулер аурудан айыққысы келеді, басқалары отбасындағы мәселелерді шешуді сұрайды, ал енді біреулер жақындары үшін дұға етеді.

Көне заманда адамдар әулиелердің зиратында түнейді. Олар түс көреді және мағынасын білу үшін аудармашыларға барады. Ал енді аудармашы немесе түс болжаушы, адамның жағдайын жақсарту барысында түсті аят ертіңде немесе болашаққа жол ашу ретінде, денсаулықты жақсартуға бағыттаған.

Кесте 1 – Зерттеу жұмысы барысында адамның психологиялық тұрғысы

| | |
|--|---|
| Адамның қасиетті орындарға бару себебі | Психологиялық тұрғыдан |
| Ұзақ уақыт бойы ауырған, қатты күйзеліске ұшыраған, үмітінің жоғалуы | Сенім ұялатады, үміт береді, көпті күйзелістен шығарады. Тіпті сенім артуы соншалықты өлімнен де құтқарады. Өмірге деген ынтасы артады. |

Адамдар өмірлік дағдарысқа немесе моральдық күйзелістерге тап болған кезде шешім іздеу үшін қасиетті орындарға барады

Кесте 2 – Зерттеу жұмысы барысында адамның психологиялық өзгеріске түсуі

| | |
|--------------|---|
| Наным – сені | Қасиетті орындарда болғаннан кейінгі жағдайы (психологиялық тұрғыдан) |
|--------------|---|

| | |
|---|---|
| Әулие, қасиетті адамдардың аруықтары күш – қуат береді деп сенген. Қасиетті адамның аруағы жолын ашады деп сенген | Киелі жерлерге барғаннан кейін адамда кәдімгі плацебо әсері пайда болады, яғни дененің ішкі күштері белсендіріледі. |
|---|---|

Қасиетті жерлерге бару тағзыммен қатар, адамдарға тыныштық пен тыныштық сезімін береді.

Кесте 3 – Зерттеу жұмысы барысында адамның психологиялық азықтануы

| Қасиетті орындардың тиімділігі | Психологиялық азық |
|--|---|
| Адамдар рухани азыққа тартылады. Ішкі әулие ағартушылық деп бекер айтпаған | Қасиетті орындарда жан дүниені күйбең тіршіліктің ауыр жүгін тастап, жан дүниеге ерекше тыныштық пен тыныштық орнайтын жаңа, мейірімді атмосфераға тап болғанды бірден сезінеді |

Қасиетті жерлерге барған кезде пайда болатын негізгі эмоционалды тәжірибелердің бірі - қорқыныш күйі. Ғибадатханалар мен ғибадатханаларға баратын адамдар киелі орынға және құдайлық күштерге құрмет пен құрмет сезімін сезінеді, бұл терең эмоционалды сезімдерді тудыруы мүмкін. Бұл құрмет күйі күшті рухани байланыс пен діни дәстүрге қатыстылық сезімін тудырады.

Май ауданының киелі орындарының маршруты

Тілеуқабыл батыр. 18 ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде ел қорғаған Тілеуқабыл Дәулетбайұлы – Абылайдың әйгілі батырларының бірі болған. Ол туралы заманында деректер көп болған, ал қағаз бетіне түсіп сақталғаны аз. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: «Тілеуқабыл деген аты қалып, батыр атанып кеткен», – деген жазба қалдырған. Ата қонысы осы, Жанәтілек ауылы, Май ауданы, қазіргі Баскөл ауылы.

Бәкі Басарұлының зираты Май ауданы Кентүбек ауылында. Әкесі – Басар би, атасы – Тілеке батыр. Бәкі би ауыл молдасынан хат танып, 1819 жылы Омбыда білім алған. Мектепті бітірген соң, ел билеу жұмысына араласады. Бәкі би қазақша әрі орысша жүйрік, жан-жақты білімі бар, зиялы адам болған. Бәкі би әрдайым адамгершілікті, береке-бірлікті, татулықты жоғары ұстаған. Бәкі Басарұлы қазақтың арасында беделді тұлға, би болған. Ертіс бойына қоныс тепкен қазақтың мүддесін қорғап отырған.

Малайсары туған жер. Малайсары 1700 жылы Павлодар облысы Май ауданында туған. Орта жүз батыры, биі. Абылай ханның сұлтан кезінен сенімді серігі болған. Ш. Уәлихановтың жазуына қарағанда, Абылай хан Малайсарының батырлығына, ақылы мен қайратын жоғары бағалаған. Қазақ-қалмақ соғысын тоқтатып, екі хандық арасында бейбіт бітім жасау саясатын ұстанды. Ол жоңғарларға қазақтың елшісі болып барған.

Әбділдә (Ақбалық) хазірет Бытыұлы (1833-1918). Әбділданың әкесі Быты беделді, дәулетті адам болған екен. Елге Омбыдан ұлты татар молла әкеліп, балаларды оқытуды ұйымдастырған. Өзі де сол молладан дәріс алып, орысша сауатын ашып, хат таныған. 20 жылдай старшиналық қызмет атқарады. Әбділдә Ақбалық хазірет шамамен 1833 жылдары дүниеге келген. Әбділдә 20 жасында елден кетіп, Ташкент медресесінде 3 жыл оқиды. Одан кейін Бұқардың медреседе оқуын жалғастырады. Он екі пәнді түгел тауысқан діни білімнің ғұлама ғалымы болып шығады. 44 жасында хазірет атанады. Білім алып, елге оралған Ақбалық хазірет ата қоныстары - Май ауданына қарасты Бестау өңірінің орта тұсында орналасқан Сарытау ауылында мешіт салдырып, медресе ашқан екен. Оның ғалым, тұлға болып қалыптасқан кезі – 1902–1909 жылдар, бұл Ресейдің Қазақ еліне толық саяси үстемділігін орнатып, жері мен суын өз мемлекетінің меншігі деп жариялаған кезімен тұспа-тұс келеді. Осы кезеңде Ақбалық хазірет және басқа да қазақтың білімді, ықпалды азаматтары қарсылық білдіріп, қазақ жерінде ислам дінін сақтап қалуға көп еңбек сіңірген [4].

Қайса Нұрғазыұлы (1878–1976). Май ауданының тумасы, бақсы. Арғы атасы Елқонды да ірі бақсы болған. Өртүрлі ауруға шалдығып, дертке-шипа, жанға-дауа іздеушілер келген. Ал Қайса атаға көбіне көтерме, елірме сияқты ақыл-есінен алжасып, психикалық ауруларға шалдыққандар келген. Мұндай ауруларды дәрігерлер емдей алмай, көбінесе жындыханаға жіберетіні белгілі:

- қол-аяғының жаны кетіп, бет-аузы қисайғандар, шемен, күйдіргі сияқты сирек кездесетін аурулар;
- көңіл-күйі бұзылып ішқұса, уайым-қайғы т.с.с. рухани дертке шалдыққандар;
- мал-мүлкінен айрылған, жоқ іздеушілер;
- әр түрлі мұқтажы (балаға, медетке, батаға т.б.) бар адамдар, болашағын болжағысы келетіндер, т.б.

Осындай мұқтажы бар адам келе жатса, Қайсекең алдын-ала сезіп-біліп мазасызданып, бір орнында отыра алмай, қозғала

бастайды екен. Қайжақтан келе жатқанын да болжап: «Шайларыңды дайындай беріңдер. Қазір келеді» – дейді екен. Немесе: «Көлігі болдырып, өзі шөлдеп келеді. Атқамініп, сусыналып, пәленше жолдан қарсы ал» – деп баласын жібереді екен.

Кесте – 4

| | |
|-----------------------------------|---|
| Киелі орындар | Адамдардың қандай жағдайда осы орындарға барған |
| Тілеуқабыл батыр | Қолдау керек болғанда |
| Бәкі Басарұлының | Қолдау керек болғанда |
| Малайсары туған жер | Қолдау сұрау, жол ашу мақсатында |
| Әбділдә (Ақбалық) хазірет Бытыұлы | Аурулардан арылу, қолдау сұрау, жол ашу |
| Қайса Нұрғазыұлы (1878-1976) | Бала сұрап келу, депрессияға ұшыраған кезде, аурудан арылу, қолдау сұрау, жол ашу |

Көптеген сенушілер киелі жерлерде өздерін тыныштық пен қорғалған сезінетінін айтады, бұл стресс пен алаңдаушылықты азайтуға көмектеседі. Бұл психологиялық жайлылық жағдайы адамның жалпы эмоционалдық жағдайына оң әсер етуі мүмкін.

Қасиетті жерлерге барғанда адам рухани азық алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 <https://stud.kz/referat/show/58469>
- 2 Қазақ энциклопедиясы- II том. Алматы «Өнер»1987. – 83 б.
- 3 Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Алматы «Білік» 2001. – 69 б.
- 4 <https://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/abdilda-aqbalyqhaziret-bytyuly-1833-1918-8646/>

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ДЕБАТТЫҢ РӨЛІ»

ШАЙМАРДАНОВА Н. Т.

психолог, Қ. Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия Ақсу қ.

ПАРТИЯҚЫЗЫ А.

10 сынып оқушысы,

Қ.Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

ЖАНАРБЕКҚЫЗЫ Ж.

10 сынып оқушысы, Қ.Сәтбаев атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.

Әлеуметтік психология-психология құбылыстарының заңдылығын зерттейтін психологияның бір саласы, яғни: мінез құлықтың ерекшелігін, адамдардың қарым-қатынасын, индивидтердің кіші және үлкен әлеуметтік топтарға қосылуын, т.с.с.

Әлеуметтік психологияның зерттеу объектісі:

- адамдар арасындағы ақпарат алмасу және өзара әрекеттесу заңдылықтары;

- таптар мен ұлттар сияқты ірі және еңбек ұжымы мен отбасы сияқты шағын әлеуметтік топтардың психологиялық мінездемелері;

- тұлғаның әлеуметтік психологиясы, оның коммуникативтік сапалықтарына талдау жасау, әлеуметтену мәселелері, мақсаттарының қалыптасуы;

Осыдан шығатын әлеуметтік психологияның негізгі бөлімдерінің бірі тұлға психологиясы арқылы адам бойында болу керек мінездемелерге тоқталсақ:

Эмпатия – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жайкүйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру. Ал, эмоционалды интеллект дегеніміз – адамның өз эмоциясын қабылдап, кәдеге жарата білуі. Кез келген тапсырманы тиімді шешу үшін эмоциясын игеру қабілеті. Эмоция – энергияның көрінісі. Сондықтан барынша эмоциялық ойлауды дамыту керек.

Көшбасшы – жол таба білетін, өзгелерге жол көрсете алатын, өзіне жүктелген міндетті сезіне білетін, ауыртпашылығына төзе білетін тұлға.

Көшбасшының негізгі қызметі топтың мақсатына жетуге жәрдемдесу, әрі оны нығайта түсу. Ол сарапшы ретінде қызмет

етеді, топ ішіндегі қарым-қатынасты реттейді және көпшілікті сонынан ерте біледі, өз тәжірибесімен бөлісе біледі.

Көшбасшының бойынан табылатын қасиеттер:

1 Салмақтылық. Өзін ұстай алмайтын, тез ашуланатын көшбасшы сыныптастарын тығырыққа тіреуі мүмкін. Сондықтан ол әрдайым сабырлы болуы тиіс.

2 Өзін көрсете білу. Алдына қойған мақсатына жетуге деген күштарлық. Ол алдына үлкен мақсаттар қойып, оған жетіп, өзгелерге үлгі бола білуі керек. Мысалы, мұғалім берген тапсырманы өзгелерден бұрын әрі дұрыс орындау.

3 Дұрыс шешім қабылдау. Ол ситуацияға жылдам баға беріп, қиын мәселенің шешімін дұрыс табады. Өзін де, сыныбын да табысқа жеткізетін мүмкіндіктерді қалт жібермейді.

4 Ынта. Көшбасшы барлық іске ынталы келеді. Ол өзінің мінезімен өзгелерге үлгі бола алады.

5 Табандылық. Көшбасшы үнемі қозғалыста болып, сұрақтың мәнін түсінеді. Сұрағына жауап алмайынша тынбайды. Ойға алған жоспарларын міндетті түрде жүзеге асырады.

6 Өзіне деген сенімділік. Көшбасшы жүрегі мен ақылын қатар тындап, аяғында нық тұрады. Мұнымен қатар эмоционалды тұрақтылығы бар.

7 Психологиялық дайындық. Сыныптағы әрбір адамның пікірімен санасады. Өзгелерді тындау арқылы жаңа ақпараттар жинайды. Мәселелерді ортаға салып талқылайды.

8 Шынайы көзқарас. Оптимистер үнемі алға тартып, армандап жүрсе, пессимистер кейін жүреді. Ал реалистер барлығына дұрыс баға береді.

9 Білімге деген күштарлық. Өз бетінше ізденіп, жаңа технологияларды толығымен меңгереді. Сыныпты басқаруда өзінің білімділігін де пайдаланады.

10 Әділеттілік. Әділетті болған жағдайда ғана өзгелердің сеніміне ие бола алады.

11. Байсалды. Қандай жағдай болмасын байсалды. Ашу мен күлкінің тек уақытша эмоциялар екенін жақсы біледі.

12 Мінсіздікке ұмтылу. Барлық жерде үздік болуға тырысады. Бір орында тұрмай, өз бетінше дамумен болады.

13 Өзгеше ойлау. Ойын да, жоспарларын да ситуацияға сәйкес өзгертіп, жаңашылдықты тез қабылдайды. Барлығының да ерекше болғанын қалайды.

Бұл аталған қасиеттердің барлығын қалыптастырып, тәрбиелеп, дамытуға болады. Ол үшін оқыту мен дамытудың әдістері мен тәсілдерін, арнайы бағдарламалар, технологиялар т.с.с. қолданылады.

Бүгінгі таңда азаматтық позициясын, көзқарасын еркін білдіретін көшбасшылар өте аз. Бұл демократиялық қоғам үшін жеткіліксіз. Адамдар өз ойларын ашық жеткізуден қарағанда көпшіліктің сөзімен, ойымен жүруді жөн көреді. Заман адам ықпалымен өзгеріп отырады. Белсендік өмірлік позициясы бар адам әлемді жақсы жаққа өзгертеді. Сол себепті еліміздегі азаматтардың көшбасшылық қасиетін дамыту өзекті болып отыр. Ал дебат технологиясы осы мәселенің бір шешімі бола алады.

Пікірсайысшы – жарқын тұлға. Оның ойлау, сөйлеу мәнері, рухы, тәжірибесі, ішкі мәдениеті, дүниетанымы, мінбедегі тәртібі көрерменді қызықтырмай қоймайды. Ал рухани қабілеті (реттеу, жүйелеу, жіктеу, ойлай білу, себеп пен салдарды тексеруі) айрықша пікірсайысшыда ұшан-теңіз образдар мен оралымдардың қоры болады. Талқыға түсетін тақырып болса – болашақ хабардың арқауы, дінгегі ғана. Пікірсайысшының міндеті- соны жеріне жеткізе зерттеу, көрермен қауымды еліктіріп, барлық қыры мен сырын тану, мән-жайын толық ашу. Сол арқылы пікірталас қақтығысын ұйымдастыру. Томас Эдиссон айтқандай: нәтижелі еңбектің 98 %-ы тер төгумен, 2 %-ы ғана дарынмен келеді.

Адам басқа адамдармен ынтымақтаса алса, өмірлік мұратқа қол жеткізе алады. Дамыған коммуникативті мәдениетке немесе оларды өмір сүретін және жүзеге асыратын қоғамда қабылданған білім нормалар мен мінез-құлық жүйелеріне ие болған кезде ғана бақытты бола алады. Бүгінде адамдардың эмоционалды қарым-қатынас проблемалары айтарлықтай шиеленісе түсті. Тұлғаның коммуникативті мәдениетін дамыту ойлау, сөйлеу, әлеуметтік көзқарастар мен коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған құралдар жүйесін дамытуды қамтиды.

«Пікірсайыс» технологиясы тұлғаның осы дағдыларын жетілдіруімен дамуы үшін тамаша мүмкіндік береді.

Пікірсайыс процесінің сапасы негізінен барлық пікірсайыс қатысушыларының дайындығымен анықталады. Бұл ұйымдастырушылық, танымдық, психологиялық, моральдық, әлеуметтік, шығармашылық жақтарды білдіреді.

Пікірсайыс біздің өмірімізде қандай рөл атқарады? Дебатта екі көзқарастың біреуін әділ сынап дәлелдеу көзделеді. Бұл жерде

өртүрлі тақырыптар беріледі. Мысалы, әлеуметтану, психология, педагогика және тағы басқа салалардан келеді. Осындай сан түрлі тақырыптар арқылы дебатқа қатысушы көптеген салалар туралы білімін кеңейтеді. Дебат арқылы әрбір оқушы өз бойындағы көшбасшылық қасиеттерін дамыта алады. Өз тәжірибеміз бойынша біз соңғы 3 жылда бойымыздағы көшбасшылық қасиеттерді жарыққа шығарып, әрі қарай дамыту үстіндеміз. Тек қана көшбасшылық қасиеттер ғана емес, өз бойымыздағы басқа да қасиеттерімізді жарыққа шығардық: толық әрі ашық айтуға үйрендік, шешендік өнерімізді дамытып, белгілі бір аудиторияның алдында сөйлеу, өз-өзімізді ұстай білуге дағдыландық. Оқушы дебат технологиясына қатысу арқылы мәселеге бір жақты емес әр түрлі қырларынан қарауға үйренеді. Өзімізге деген сенімділігіміз артып, күнделікті өмірде өзіңді сенімді ұстап, еркіндікті сезінесің. Тек сенімділік қана емес, өмірде әр құбылысқа, оқиғаға жеке көзқарасыңды білдіре аласың және өз позицияңды нық ұстана аласың. Мысалға алсақ, өмірде болатын үлкенді, кішілі түсініспеушіліктер болған жағдайларда өз позицияңды соңына дейін қорғап, келісімге келе аласың. Осы дебат арқылы өз ойыңды еркін айтуға әрі ойыңның дұрыс екенін күмәнсіз толық жеткізесің. Дебат ежелден келе жатқан өзекті технологиялардың бірі. Біздің ойымызша осы ежелгі Грецияда пайда болған технологияны еліміздегі әрбір адамға жеткізу әрі оны дамыту ең дұрыс шешім болып табылады деп есептейміз.

Пікірсайыс ойындарының барысында оқушы ең алдымен өзінің пікірі мен қарсыласының пікірінен тиісті қорытынды шығара білуге, қайшылықтарды байқап, олардың арасындағы логикалық байланыстардың бар немесе жоқ екендігін аша білуге үйренеді.

Белсенді қоғамдық позиция – адамның белсенді әлеуметтенуі үшін қажетті элемент. Әрбір адам айналадағы болмысқа өз ықпалын тигізе алады. Яғни, дүние адамдардың ықпалымен өзгеріп отырады. Белсенді өмірлік позициясы бар адамдар тұрмысты түзетуге, дүниені жетілдіруге мүдделі. Ондай адам өзінің жағдайын ғана ойлап қоймайды, ғаламдық мәселелерге де алаңдайды. Белсенді өмірлік позиция барлық адамға тән болмайды. Дүниені жақсартуға тырысу көптеген тұлғалық қасиеттерді қажет етеді. Яғни бар нәрсеге көңілі толмайтын адамды ғана өмірлік позициясы бар адам деп айтуға болмайды. Бір нәрсені сынау мен бұздан бұрын жаңа нәрсе, ойдағы жоспардың жетістігі неде екенін елестетіп көру керек қой. Белсенді өмірлік позиция бәрінен бұрын іскерлікті керек етеді. Тек айтып қана қоймай, осы бағытта еңбектену қажет. Ол

үшін іс-әрекет, ой – таным мен идеялар қажет. Бір нәрсені жасау үшін оны қалай болса солай бастай салмай, әуелі мың ойланып, барлық жақтарын қарастырып, кемел жоспар құрып барып кіресің. Болашақ жұмыстың нәтижесі қалай боларына көз жеткізіп, сенімді серіктестер тауып алып кіріскен жұмыс қана өз нәтижесін береді.

Ал бүгінгі таңдағы дебат үйірмесіне мүше оқушылар да түрлі деңгейдегі турнирларға қатысып, өз тәжірибелерін шыңдауда. Біздің қатарымыз әрдайым жаңа оқушылармен толықтырылып тұрады. Ал тәжірибе жинаған спикерлер пікірсайыс ойындарында төрешілік қызметін атқарады. Дебат үйірмесіне қатысатын балалардың еркіндік деңгейінің артуы олардың белсенділік, қосымша мүмкіндік аймақтарының артуынан байқалды. Бұны сонымен қатар олардың мінезіндегі сенімділік, ерік, батылдық қасиеттерімен сипаттауға болады. Мысал келтіре отырып дәлелдер болсақ осы үйірмеге қатысатын оқушылардың барлығы дерлік қоғамдық жұмыстарға белсене араласады (диаграмма).

Кез-келген мектепшілік іс-шараларға ерекше сенімділікпен, белсенділікпен қатысады. Өз білімін шыңдау кезінде көп пайдасы болғандығы ұстаздар тарапынан да, оқушылардың өз байқауларынан анықталды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы демократиялық қоғамда дамып, өз жемісін береді. Қоғамдағы демократия - ол еркіндік, конституция мен заң шеңберіндегі сана еркіндігі. Толыққанды, демократиялық және ашық қоғамды дамыту үшін сын тұрғысынан ойлай алатын және аналитикалық, ұйымдастырушылық, кәсіби дағдылары қалыптасқан көшбасшыларды тәрбиелеу қажет. Ал пікірсайыстарды жүргізуге негізделген дебат технологиясы осы мәселенің бір шешімі бола алады.

Біраз жылғы тәжірибемізге сүйене отырып, дебат технологиясы туралы мәліметтерді жинақтап, реттеп, жүйелеп дебатқа қызығушылық білдіретін әрбір адамға көмекші құрал бола алатын әдістемелік жинақ құрастырдық.

Қорытындылай келе пікірсайыс жеке тұлғаға үлкен ықпал тигізеді деп есептейміз. Осы ықпалды дұрыс қолдана білу керек. Әрі пікірсайыс ол күнделікті өмірде азаматтық позицияны қорғауға, қоғамда өз ойыңды айта білу үшін өте керек.

Дебат технологиясы оқушылардың өз бетімен іздену, білім алу және шығармашылық белсенділігін арттыруды көздей отырып, ашықтыққа, толеранттылық пен эмпатияға тәрбиелейді. Ал бұл

қасиеттер бүгінгі таңда өте қажет. Пікірсайыс әрқашан өзекті болып қала бермек.




Диаграмма 1 – Дебат үйірмесіне қатысатын оқушылардың белсенділік аймағы

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ұлттық пікірсайыс орталық қоғамдық қоры. «Білім мен қоғамды демократияландырудағы пікірсайыстың ролі» конференция материалдары, Алматы, 2004. 5, Б. 15–17

2 Радлов В. В. «Образцы народной литературы северных тюркских племен», 1885, Б. 3–4

3 Общественный Фонд «Национальный Дебатный Центр». «Дебатные форматы», Алматы, 2005. Б. 6–73

4 Майғанова Ш. Ұлттық мектеп үлгісін орнықтырсам деп еді /Егемен Қазақстан газеті, 8 бет, 1 ақпан, 2002.

5 Садуақасов Ә. Халық педагогикасы дәстүрлерін қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процестерінде пайдаланудың шарттары //Ұлт тағлымы, №2, 2002.

6 Пікірсайыс - шыңдалу мектебі //Қазақстан мектебі, №9, 2003.

7 Телеграм канал «Пікірсайыс қозғалысы/Дебатное движение».

8 Н. Т. Шаймарданова «Дебат – кеше және бүгін», (авторлық жинақ, 2002ж)

9 <https://balbal.kz/bilip-jur/pikirsayyis-tarihyi-zh-ne-ony-i-zamanai-t-rleri/>

НЕЙРОСЕТЬ КАК РЕФЕРЕНТ ДЛЯ СОЗДАНИЯ УВЕРТЮР МЕТАФОЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ПОКОЛЕНИЯ NEXT

ЖУСУПОВА З. С.

ученица 9 класса, Средняя общеобразовательная школа с гимназическими классами Щербактинский район, Павлодарская области

Использование нейронных сетей началось давно – в начале 20 века. Однако такие сети широкую известность получили в основном в наше время. На данный момент можно легко смоделировать нейронную сеть средней сложности на любом персональном компьютере.

Основная идея – создание увертюры посредством нейронных сетей, способных генерировать музыкальные композиции по заданным параметрам, на основе произведений классического уровня.

Благодаря успехам в развитии искусственных нейронных сетей, с помощью компьютера можно создавать сложные музыкальные композиции не только увертюрного формата, но и для оркестра.

Нейронная сеть представляет из себя совокупность нейронов, соединенных друг с другом определенным образом.

Рассмотрим нейрон:




Рисунок 1 – Нейрон

Нейрон представляет элемент, который вычисляет выходной сигнал (по определенному правилу) из совокупности входных сигналов. То есть основная последовательность действий одного нейрона такая:

- Прием сигналов от предыдущих элементов сети;
- Комбинирование входных сигналов;
- Вычисление выходного сигнала;

- Передача выходного сигнала следующим элементам нейронной сети.

Между собой нейроны могут быть соединены абсолютно по-разному, это определяется структурой конкретной сети. Но суть работы нейронной сети остается всегда одной и той же. По совокупности поступающих на вход сети сигналов на выходе формируется выходной сигнал (или несколько выходных сигналов). То есть нейронную сеть упрощенно можно представить в виде черного ящика, у которого есть входы и выходы. А внутри этого ящика сидит огромное количество нейронов [1].

Нейросети представляют собой математическую модель, компьютерный алгоритм, работа которого основана на множестве искусственных нейронов. Суть этой системы в том, что ее не нужно заранее программировать. Она моделирует работу нейронов человеческого мозга, проводит элементарные вычисления и обучается на основании предыдущего опыта, но это не соотносимо с ИИ [2].

Попробовав написать песню с помощью нейросети, я убедилась, что она хорошо пишет музыку и стихи, но по отдельности. Полноценные песни ИИ пока не научился генерировать, слышно, что поет робот.

Бесплатной версии обычно хватает, чтобы понять, стоит ли покупать программу. Каждый раз нейросеть выдает разные результаты даже по одинаковому запросу. Она проигрывает многовариантность.

Музыка – то, что лечит душу.

Общеизвестный факт, который уже стал аксиомой в мировой практике. Произведения Моцарта признаны феноменальным явлением в области воздействия музыки на живые организмы. Существует такое понятие, как «эффект Моцарта».

